

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫң ҰЛТТЫҚ ФЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ

БІЛІМ АЛУЫНДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР
БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ ЖҰМЫСЫ БАРЫСЫНДА
КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ЖАТТЫҒУЛАРЫН ҚОДАНУ
Әдістемелік нұсқаулықта

Алматы 2017

УДК 376

ББК 74.3

И 88

Түзөу педагогикасының Үлттық ғылыми-практикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесшілерімен қабылданды және ұсынылды (хаттама № 15, қазан 2017 жылдан).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру Департаментімен ұсынылған.

Рецензиялаушылар:

Халыкова Б.С. – мектепке дейінгі білім беру зертханасының б.ғ.к., пед. ғылым кандидаты.

Завалишина О.В. – мектепке дейінгі білім беру зертханасының б.ғ.к., пед. ғылым кандидаты.

Кұрастыруышы-авторлар:

Елисеева И.Г. – МК ТП ҰФПО арнайы білім беру зертханасының менгерушісі, психология ғылымының кандидаты

Аханова Ж.Б. – педагог – ТП ҰФПО дефектологы

И 88 Білім алуында ерекше қажеттілігі бар балаларды дамыту жұмысы ба-
рысында күнделікті өмір жаттыгуларын қолдану: әдістемелік нұсқаулық/ Елисеева
И.Г., Аханова Ж.Б. - Алматы: ТП ҰФПО, 2017.- 75 б.

ISBN 978-601-7131-76-0

Әдістемелік нұсқаулықта көрсетілген құралдар, мектепке дейінгі білім алуын-
да ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу барысында, арнайы даярланған,
заттық дамыту ортасында, Монтессори-терапиясы кабинетінде педагог-
дефектологтың жұмыс мазмұнын аша түседі.

Әдістемелік ұсыным әдіскерлерге, психологиялық-педагогикалық түзету
кабинеттерінің, оналту орталықтарының педагогтарына арналған.

УДК 376

ББК 74.3

ISBN 978-601-7131-76-0

© ТП ҰФПО, 2017

© Елисеева И.Г., Аханова Ж.Б., 2017

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
1 Күнделікті (тұрмыстық) өмір жаттығуларын оқыту-тәрбиеу және дамыту маңызы.....	7
2 Дамуында ауытқуы бар, мектепке дейінгі жастағы баланы Монтессори-терапия кабинетіндегі жүйелі сабактарға қатыстыру алгоритімі.....	12
3 Күнделікті (тұрмыстық) өмір жаттығуларын орындау тәртібі	14
4 Күнделікті (тұрмыстық) өмір жаттығуларын көрсете әдісі.....	16
ҚОРЫТЫНДЫ.....	69
ҚОСЫМША А Монтессори –терапия кабинетінің педагог-дефектологының жеке және топтық сабактар технологиялық карталарының үлгісі.....	71
ҚОСЫМША Б Монтессори-терапия кабинетіндегі топтық бағалау барысында баланы бақылау хаттамасы (критерияларымен) мен стенограммасы.....	73

АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУ

Монтессори-терапиясы – Монтессори-педагогикасының жас тармағы, дамуында әртүрлі бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында заманауи нейробиологиялық және нейропсихологиялық тәжірибе негізінде құрылған;

білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар (ООП) – психофизикалық, интелектуалды және әлеуметтік дамуы мен білім алуды тиісті деңгейде дамуда әрдайым немесе уақытша психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да көмек түрін қажет ететін балалар;

арнайы даярланған заттық дамытатын орта – баланың әртүрлі әрекет орындауға әуестігін арттыратын орта (заттық, еңбек, оку, қарым-қатынас т.с.с.): баланың сенситивті кезеңді өткеру ерекшелігі ескерілетін құралдар, дидактикалық құралдар, әртүрлі жастағы басқа балалар, үлкендер;

дамудың сенситивті кезеңі – баланың аса сезімталдығы мен қабілеттілігі, даму кезеңінің белгілі бір бөлігінде қоршаған ортадағы тітіркендіргіштерге бала ағзасының еріксіз сезінгіштігі. Сенситивті кезең өзіндік белгілі бір қызмет пен қасиетті дамыту ерекшелігімен байланысты;

алғашқы көрсетілім – Монтессори педагогикасында, балаға арнайы даярланған заттық ортада дидактикалық құралдарды қолдану әдісін (жұмыс) көрсету.

KIPIСPE

М.Монтессори өзінің педагогикалық жүйесін белай атады – арнайы даярланған ортада баланың өзін-өзі дамыту жүйесі. Бұл жүйені ол баланың табиғи және заттық ортада жасаған шыныайы әрекеттерін бақылау арқылы құрды

Баланың дамуының маңызы оның өзіндік белсенділігі мен өз еркімен әрекеттенуі болып табылады. Даярланған орта – бұл баланың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін және мұғалімнің белсенділігін бәсендегі орта. Ересек адам ортаның бір бөлшегінде қалыптасады және оның мақсаты, қоршаған ортаның мақсатындаі баланың дамуына көмек қөрсету.

Даярланған орта баланың өз бетімен, сонымен қатар, ересектермен және өзге балалармен әрекеттенуіне тұрткі бола білуі қажет. Даярланған ортаның мақсаты – баланы барынша ересек адамдардан тәуелсіз болуға үйрету.

Даярланған ортасыз белсенділіктің мұғалімнен балаға өтуі мүмкін емес. Мұғалім орта мен балаларды байланыстыратын буын қызметін атқарады. Мұғалім ортаның негізгі атқаратын қызметін, сонымен қатар, әр дидактикалық құралдардың мәнісі мен қажеттілігін, баланың жас ерекшелігін, құрал ұсынуда ескере білуі, балаға әр құралмен жұмыс жасау үлгісін дұрыс қөрсетуі, баланың белсенділігі мен өз бетімен жасаған әрекетін қолдай білуі керек.

Мұғалім балалармен бірге заттық ортаның тазалығы мен реттілігін сақтап, оның бүлінбеуін қадағалау қажет. Әр құрал өз орнында тұру керек. Тазалық даярланған ортаның негізгі ерекшелілігі болуы керек.

М.Монтессори педагогикалық жүйесінің даярланған ортасына енгізіледі:

- құнделікті (тұрмыс) өмір жаттығуларына қажетті құралдары бар кеңістік, әлеуметтік және өзіне-өзі қызмет қөрсету дағдыларын дамыту үшін;

- сенсорлы дағдыларын дамытуға арналған құралдары бар кеңістік;

- ана тілін дамытатын жаттығулары бар кеңістік;

- математикалық түсініктерін дамытуға арналған жаттығулары бар кеңістік;

- табиғат пен мәдениетті дамытатын жаттығулары бар кеңістік.

Бұл құралда құнделікті (тұрмыс) өмір жаттығуларына арналған, ММ ТП ҰФПО Монтессори-терапиясы бөлмесінде орналасқан құралдар тізімі, балаларға құралдармен жұмыс жасау үлгісі, жаттығулардың зерделік және дамытушылық құндылықтары ұсынылды.

Көрсетілімдер мен әрекетті менгерудегі күтілетін нәтижелер бала-ның дамуындағы ауытқуышылықтар мен мүмкіншіліктері ескеріле отырылып жазылды. Сонымен қатар, Монтессори-терапиясы бөлмесінде жеке және топтық сабактар өткізу үлгісі, технологиялық карталар үлгісі, топтық бағалау хаттамасы ұсынылды. Барлық ұсынылған құралдар ММ ТП ҰФПО оңалту орталығында мектеп жасына дейінгі білім алуында ерекше қажеттілігі бар балалармен (зерде бұзылыстары бар, сөйлеу тілі бұзылған, естүі, қимыл-тірек аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген балалар) сыналды.

1 КҮНДЕЛІКТІ (ТҮРМЫСТЫҚ) ӨМІР ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫң ОҚЫТУ – ТӘРБИЕЛІК ЖӘНЕ ДАМЫТУШЫЛЫҚ МӘНІ

«Күнделікті өмір жаттығулары» термині мынаны білдіреді, жаттығулардың негізіне адамның күнделікті өмірде жасайтын әрекеттері жатады. Бұл жаттығулардағы әрекеттерді менгеру, балаға келешек өмірінде қолдануға мүмкіндік береді.

Қоршаған әлемді қабылдауы, баланы мәдениетке бейімдеуі отбасында басталады, яғни, үй ішінде. Сол себептен, ерте және мектепке дейінгі жастағы балаға Монтессори-педагогикасында ең тиімді құрал, шынайы асхана, шынайы түрмис құралдары болып табылады. Олар балаға затты қызметіне қарай пайдалануға, сенсорлық сезімдерін дамытуға және қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Балаларға шынай заттармен, ағашпен, металлмен, шынымен, керамикамен, табига материалдармен, жармамен, сумен, күммен т.с.с. шынайы әрекеттер түрлерін орындау ұсынылады. Балалар мынадай әрекет түрлерін орындаиды: заттарды тасымалдау, аударып салу, қюю, елеу, ашу, жабу, түймелеу, ағыту, байлау, шешу, жуу, турау, сыпыру т.б. Бұл жаттығуларды үй жағдайында да ұйымдастыруға болады. Ол үй мен маманың арасындағы Монтессори-терапиясы бөлмесінің аясында құрылған «көпір» бола алады.

Күнделікті өмір жаттығулары баланың заттық әрекеттен белгілі бір істі орындауга ауысуға көмектеседі, әсіреле кез-келген әрекетті орындауда қындыққа тап болатын, дамуында ауыткуы бар балаларға. Шынайы түрмистық әрекеттердің түрлері балаға адамның жасаған іс-әрекеттерінің кезенділігін қабылдауға көмектеседі. Әрбір қарапайым үй жұмыс құрылымына «жұмыс кезеңдері» кіреді: әрекетке дайындық, бастауы, орындауы, аяқтауы, алғашқы жоспармен салыстыру және бақылау, кезеңді қайталau немесе жұмысты аяқтау. Ең бастысы, бала жұмыс кезеңін аяқтағанша кедергі жасамау. Бұндай жаттығулар балаға әрекеттің жүйелі құрылымын орындаудың қалыптастыруға мүмкіндік береді: мақсатты тұжырымдау, жоспарлау, жоспарға ілесу, жұмыс барысында және сонында өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бағалау.

Күнделікті өмір жаттығулары 2,5 жастан 4-5 жасқа дейінгі балалардың қызығушылығына бағытталған. Дәл осы жас кезеңінде бала қимыл-козгалысты қалап тұрады, ол күнделікті көретін үй түрмисындағы құралдармен әрекет орындауда байқалады.

Қандайда бір әрекетке үйрету үшін, әр жаттығудың тұра мақсатынан басқа қосалқы мақсаты да (мақсат, ол үшін дидактикалық құралдар дайындалады, құралмен жұмыс жасағанда балада болатын жайттары, қандай дағдысы дамитыны анықталады) бар. Әр жаттығуда баланың қољымен және саусақтарының қимылын барынша қолдануға, құрделі әрекеттің ретін орындауға ұсынылады. Сонымен қатар, баланың қимылдық фукциялары, қимылдарының дәлдігі мен үйлесімділігі, қол икемділігі, зейін шоғырлануы, ерік-жігер үрдісі, жеке басының қасиеттері (ұқыптылық, жауапкершілік, бастаған ісін аяқтай білу) дами туследі.

Күнделікті өмір жаттығуларында балада отбасына деген тәнділік сезімі, жетістікке жету мен дербестік сезімі қалыптасады. Тұрмыстық дағдыларды игеру балаға тәуелсіз болуга әкеледі, бұл оның өзіне деген сенімділігі мен өзін-өзі бағалай білуін арттыра туследі. Ол қоршаған ортаға күтім көрсетудің мағыздылығын және өзін қоршаған ортаға жауапты екенін сезіне бастайды.

Балаға өз бетімен құралдарды тандауға мүмкіндік беретін арнайы даярланған орта, өмірлік құзыреттілігін қалыптастыруын, тұрмыстық және қол жетімді еңбек әрекеттің дайындығын, әлеуметтік қарым-қатынасқа түсे білуін, қауіпсіздік ережелерін сақтауын және балалар мен ересектер ортасында өзін сенімді және еркін сезіну дағдыларын қалыптастырады. Осылайша, арнайы даярланған ортадағы сабактар баланың мүмкіншілігі мен қажеттілігін, психологиялық жасын (сенситивті кезеңін) ескере отырып, жан-жақты дамутуға бағытталған. Бала тәртіп пен жауапкершілікке дағдыланады.

Күнделікті өмір жаттығуларының жіктелуі

Күнделікті өмір жаттығулары, екі түрге болінеді:

- өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларымен байланысты жаттығулар;
- қоршаған ортаға күтім көрсетуге байланысты жаттығулар.

Екі бағыт та жеке тізбегі бар накты әрекет түрлерін қалыптастыруға, , белгілі бір нәтижеге алып келуге бағытталған: төгілген су сұртулі, лас майлық жуулы, ыдыс жуулы т.с.с.

Дамуында ауытқуы бар балалар белгілі бір нәтижеге алып келетін әрекеттің логикалық тізбегін орындағанда бұрын, оның құрамына кіретін жеке әрекеттерді менгеріп алуы тиіс. Осы мақсатта арнайы даярланған ортаға, жеке әрекеттерді заттармен: еңбек құралдарымен және оның қосалқы белшектерімен орындаі білуін қалыптастыру үшін, дайындық жаттығулары кіртірілді. Дайындық жаттығулары жалпы моториканы, қол икемділігін, екі қолдың үйлесімділігін, «көз бен қол» үйлесімділігін, зейін шоғырлануын, ұқыптылықты дамытуға бағытталған.

Кесте 1 Арнайы даярланған органдың құралдары, олармен орындалатын әрекет және қызмет

Құралдар		Олармен орындалатын әрекет және қызмет
Дайындық жаттыгулары		
1	Есік	баяу, дыбыссыз, ашу- жабу;
2	Орындық	тасымалдау; баяу үстелдің астына немесе кері жылжыту;
3	Үстел	екеулеп тасу;
4	қойғыштагы кілемшे	жаю-орау, қойғышка салу;
5	сым тартылған қабырға тақтасы	түсті сакиналарды түрлі бағытта козгай
6	оыйқтары бар қабырға тақтасы	кол білегін ойық бағытына сәйкес козгай
7	құлыптары бар қабырға тақтасы	құлыптар мен ілгектерді ашып-жабу
8	Табақ	тұтқасынан ұстау, тасымалдау
9	Құмған	тасымалдау, суды төгү
10	Корап	тасымалдау, қакпактарын ашып-жабу
11	еденге сзыылған элипс пішіндес түзу	тұзумен жұру
12	каштаны бар тегеш, қалакша	қолмен салу, қалакпен салу
13	бұршак салынған кесе, тетіктері бар ыдыс	тетікке салу, түйіп ұстау
14	екі құмған, біреуі жармасымен	аударып салу
15	құмыралары мен құтысы бар корап	қакпактарын ашып-жабу, тиісті қакпактарын табу
16	жармасы бар ыдыс, шұңғыма, қасық, құмыра	шұңғыма арқылы жарманы қасықпен аударып салу
17	жармасы мен бұршағы бар ыдыс, екі бос ыдыс, елек, қасық	жарманы елекпен елеу, бұршакты жармадан ажырату
18	түймелері бар жинақтау ыдысы (батарейкларымен, дәнектермен, таяқшалармен)	тетікке түйіп ұстау арқылы салу
19	шыны (кішкентай, үлкен) кішкене шарлар	ұяшықтарға орналастыру, түйіп ұстау
20	кішкене ұршық	Қол саусақтарының үйлескен кимылдары
21	суы бар тегеш, сүйік сабын, арапастыргыш, тұтікше	араластырғышпен көпірту, тұтікшеге ауызбен ұзак дем шыгару
22	екі тегеш, біреуінде су бар, жөке	жокені екі колымен сығу, бір ыдыстан екінші ыдыска суды жөке арқылы аудару
23	екі құмған, біреуінде су бар, жөке	құмғаннан құмғанға суды қуо

24	сүсі бар тегеш, сұзгіш, кішкене шарлар, шарларды салатын ұяшықтары бар ыдыс	шарларды сұзгішпен алу, шарларды сұзгішпен ұяшықтарға орналастыру
25	екі тегеш, біреуі сұймен, үрімші (груша), жәке	бір ыдыстан екінші ыдыска грушамен суды аударып құю
26	кайши, әртүрлі қалындықтағы қағаз	кайшымен кио
27	1) тастары мен бақалшықтары бар ыдыс; 2) каштан, жаңғақ, емен жаңғагы бар ыдыс	табиги материалдарды топтастырып салу (сұрыптау)
28	қыстыргыштары бар себет	шымшып ұстай
29	сүсі бар тегеш, әртүрлі салмағы бар құралдар салынған ыдыс, екі бос ыдыс	құралдарды топтастырып салу: батады-батпайды
Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысына байланысты жаттыгулар		
30	Жапсырма ілтегі бар (түймесі, батырмасы, сыйдырмасы, фастекс ілтегі бар) жиектеме	әртүрлі ілгектерді ағытып-бекіту, ағытып-байлау
31	Алжапқыш	алжапқышты киіп-шешу, ілгішке ілу
32	бас кім, мойынорагыш, қолғап	киім құралдарын киіп-шеші, ұқыпты бүктеу
33	күмған, теген, щетка, сабын, орамал	кол жуу, орамалмен сұрту, щеткамен тегеш жуу, шелекке суды төгү
34	моншагы, білезігі, сырғасы, айнасы, тарағы бар сөмкө	моншак, білезік, сырғаны тағу-шешу, айнаға карап тарану
35	1) мошшактар (ірі, ұсак), бауы бар жуан біз, бау; 2) қалың картоннан жасалған түтікше, шашқа арналған түрлі-түсті резиналар	өткізу
36	майлық, табақ, шыны, қасық, пышак, шанышқы	дастархан әзірлеу
37	Сүсі бар шәйнек, кеслерсүсі бар күмған, стақандар	құю, аударып құю
38	кияр, сәбіз, картоп, көкөніс тазартқыш	көкөніс тазалау
39	алма, банан, алмұрт, теген, щетка, орамал, табақ	жемістерді жуу, сұрту
40	алма, банан, тактай, пышак, табақ	банан тазалау, жемістерді турау, жемістерден салат дайындау
41	кияр, сәбіз, алма, табақ, үккіш, қасық	көкөністерді үккіштен өткізу
42	тегеш, жәке, сабын, орамал, ыдыстар	ыдысты жуу, сұрту

43	тегеш, сабын, бет орамалдары, шүперектер, күмган, қыстарғыштар	орамалдарды жуу, шайқау, сыгу, жаю, қыстыргышпен қыстыру
44	ұлken тегеш, қуыршақ, күмган, сабын, жөке, орамал	куаршакты шешіндіру-күйіндіру шомылдыру, сұрту,
45	түйме, жіп пен ине	түйме тігу
46	үтік, майлыш, үтіктеу тактасы	үтікпен үтіктеу
Қоршаган ортага қутім көрсетеу дағдысына байланысты жаттыгулар		
47	болттары мен бұрандасы бар тігінен және көлдененінен орналасқан тақталар	болттарды ағыту-бекіту
48	Себет, майлыштар	майлыштарды жаю-бұктеу
49	үстел, шүперек, сабын, суы бар тегеш	шүперекпен үстелді сұрту, сабынмен үстелді жуу
50	үстел, қоқысы бар қорапша, щетка, калақ	үстел үстіндегі қоқысты сыптуру
51	еден, қоқысы бар қорапша, щетка, калақ	Еденді щеткамен сыптуру
52	еден жуғыш	төгілген суды сұрту
53	кір жайғыш, қыстыргыш, шүперек, майлыш	кір жайғышка шүперек жаю, қыстыргышпен қыстыру
54	айна, шүперек, жөке, әйнек жууга арналған сұйықтық	айна жуу, сұрту

2 ДАМУЫНДА АУЫТҚУЫ БАР, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫ МОНТЕССОРИ- ТЕРАПИЯ КАБИНЕТИНДЕГІ ЖҮЙЕЛІ САБАҚТАРҒА ҚАТЫСТЫРУ АЛГОРИТІМІ

Монтессори-терапия бөлмесінде педагог-дефектолог баламен жеке сабак (анасының қатысуымен), жұппен және шағын топпен, топпен өткізеді. Әр аталған сабак түрі белгілі бір максатты көздейді, ол төмөндө көрсетілген. Мүмкіндігінше, баланы топтық сабактарға қосуға тырысу көрек, осы сабектарды өткізу балаға басқа балалармен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді, басқа баланың әрекетін бақылауға үйренеді, өз кезегін күттеге, өз кеңістігі мен өзгөнін жұмысын сыйлауға, топтық жұмыста өз қызыметін ажыратуға үйренеді.

Дамуында ауытқуы бар баланың кез-келгені арнайы даярланған Монтессори-бөлмесінен пайда көре бермейді.

Сабак мектепке дейінгі жастағы, заттық –қымылдық және құралдық әрекеттердің белсенді құрылымы кезеңін өтеріп жатқан, еліктеу икемділігі бар және коршаган ортаға қызығушылық білдіретін, үлкендермен әрекеттес түсे алатын балаларға тиімді болады. Арнайы даярланған ортадағы сабактар қымыл-қозғалысының құрделі бұзылысы бар, тынымсыз және агрессивті тәртібі бар балаларға ұсынылмайды. Ортадағы көп мөлшердегі тітіргендіріштер баланың қыын тәртібін ушықтырып жіберуі мүмкін. Яғни, баланы даярланған ортаға кіргізу үшін, оның анықталған дайындығы болғаны қажет.

Баланы жүйелі топтық сабактарға кіріктіру алгоритімі бірнеше бөдімдерден тұрады:

1 кезең – жеке сабактар, ұзақтығы 30-35 минот.

Бұл кезеңде педагог мына міндеттерді атқару керек:

- баламен сенімді қатынас құру, сабакқа деген және дидактикалық құралдармен әрекет орындауға деген қызығушылығын арттыру;

- қауыпсіздік ережесін және даярланған заттық ортада жұмыс істеу тәртібін сақтауға үрнету;

- дидактикалық құралдармен жұмыс істеу әдісін таныстыру;

- өзіне таныс дидактикалық құралдармен өз бетімен жұмыс істеуге, қажет жағдайда көмек сұрауға үрнету;

- баланың тәртібін, белсенділігін, баланың өзекті даму деңгейі мен жақын арадағы даму аймағын анықтау үшін, баланың құралдармен жасаған әрекетін бақылау, ол жеке даму бағдарламасын құру және даярланған органдың қажетті құралдарды анықтау үшін қажет.

Алдыға қойылған міндетттер 5-7 жекелей өткізілген сабакта шешімін табуы мүмкін, дегенмен де, сабак саны баланың даму деңгейі мен мүмкіншілігіне байланысты.

2 кезең – сабак жұппен немесе кіші топпен (3-4 баламен) өтуізіледі, сабак ұзактығы 35-45 минет.

Баланың жұпты немесе кіші топта жұмыс жасай білу қағидалары: даярланған ортада ережелер мен жұмыс тәртібін ұстану, өз бетімен немесе мұғалімнің бағыттаушы көмегімен құралдармен, өзінегін жаттығулармен жұмыс жасай білу.

Екінші кезең міндеттері:

- әркеттер мен дидактикалық құралдарға деген қызығушылығын, баланың өз бетінше жұмыс -жасау мен таңдауын, даярланған ортаның ережесін сактауын қолдау;

- дидактикалық құралдармен жұмыс жасау әдісін таныстыру;

- өзге балалармен жақсы қарым-қатынаста болуға үйрету;

- басқа балалардан, мұғалімнен көмек сұрауга және өзгеге көмек көрсете білуге үйрету.

3 кезең – шағын топпен (6 бала) және топпен (6 баладан көп, екінші педагог болуы керек) өткізілетін, ұзактығы 60 және одан да көп минет.

Баланың шағын топпен және топпен жұмыс жасай білу қағидасы: даярланған ортадағы ережелермен жұмыс жасау тәртібін орындау, мұғалімнің көрсеткен жаттығуларымен өз бетімен жұмыс жасай білу, жұмыс жасау үшін, өз бетімен жаттығуды таңдай білу, көмек сұрай білу, өзгеге көмегін ұсына білу.

Үшінші кезеңнің міндеттері:

- дидактикалық құралдармен әркет жасауға деген қызығушылығын, өз бетімен жаттығуды таңдау мен даярланған ортаның тәртібін сактауын, өзге балаларға деген жақсы қарым-қатынасын қолдау;

- дидактикалық құралдармен жұмыс жасау әдісін таныстыру.

Бұл кезеңде кей кездерде кейбір балаларға жәке сабак пен топтық сабактарды көзектестіру қажеттілігі туындаиды. Жеке сабактарда ережелер мен ортада жұмыс жасау тәртібі, жаңа жаттығулардмен жұмыс жасау әдісін көрсете шаралары өткізіледі.

*Арнайы даярланған ортадағы жұмыс жасау ережелері:

1) Сабакта біз міндетті түрде жұмыс жасаймыз, әрекетсіз отыруға болмайды

2) Құралдармен жұмыс жасау көрсетілімін мұқият бақылаймыз

3) Құралды кім бірінші алса, сол жұмысты орындаиды

- 4) Таныс құралды таңдап, оны сөреден өз бетімен алуға болады.
- 5) Біз жұмыс орнын өзіміз таңдаймыз: үстел үстінде ме, әлде кілемшеде ме
- 6) Құралдармен жұмысты ұқыпты жасаймыз: лактырмаймыз, бұлдірмейміз
- 7) Жұмыс соңында құралдарды орнына, сөреге апарамыз, кілемшени орап, орнына саламыз.
- 8) Сабакта біз жүтірмейміз, секірмейміз, басқа балаларға кедергі жа-самаймыз, егер басқа балалар келіссе, бірге жұмыс жасауға болады
- 9) Сабакта айғайламаймыз, басқа балаларды алаңдатпау үшін, ақырын сойлейміз.

Әр сабактың (жеке және топтық) құрылымы кіріспе, негізгі (әрекеттік) және қорытынды бөлімдерден тұрады.

Кіріспе бөлімінде әдеттегідей сәлемдесу, жеке қатынас пен сабакқа де-ген жақсы көніл туыннату үшін өткізіледі. Кіріспе бөлімінде, қажет болса, арнай ыдаярланған бөлмедегі негізгі ережелер еске түсіріледі.

Сабактың негізгі бөлімі баланың (балалардың) әрекеттіне арналған. Ол баланың (балалардың) өз бетімен таңдалған әрекеттерінен немесе мұғалімнің ұсынған жаттығуларынан тұрады.

Сабактың қорытынды бөлімінде, балаға (балаларға) міндепті турде белгі беріледі, құралдар мен бөлме реттеліп-жинастырылады, балаларға шағынғана топтық жұмыс немесе ойын ұсынылады, содан соң, қоштасу жаттығуы орындалады (сабактың технологиялық карталары Қосымшада).

3 КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР (ТҰРМЫС) ЖАТТЫҒУЛАРЫН ОРНЫДАУ ТӘРТІБІ

Бұл жаттығуға арналған құралдар ашық сөреде жеңілінен күрделісіне қарай орналасады. Әр жаттығуға арналған құралдар жеке табақта жатады.

Даярланған заттық ортаның әр құралымен жұмыс жасауының өз тәртібі бар.

- 1) Әр құралмен жұмыс әдісін мұғалім балаға жеке көрсетілім арқылы жеткізеді. Әрекеттің орындалуы өте баяу қымылмен көрсетіледі, әрбір әрекетті, кезеңдерге бөліп көрсетеді. Ауызша сөз қолданылмайды (немесе аз мөлшерде).

- 2) Алғашқы көрсетілімнен кейін, мұғалім балаға осы құралмен өз бетімен жаттығуда орындауга ұсынады. Мұғалім баланың ісіне араласпай

бақылап отырады, тіпті бала әрекеттің реттілігін бұзса да немесе басқа да кателіктер жіберсе де. Бақылау қорытындысы бойынша мұғалім мына тұжырымдардың біріне келеді:

- бала құралмен жасалатын жұмыс әдісін түсінді, өйткені, жұмысты толық қайталады, әркеттерді нақты орындаپ, реттілігін сақтады, құралдарды және бөлшектерін дұрыс қолданды. Бұл құралды бала өз бетімен таңдал, жұмыс сітей алады;

- балага берілген жаттығумен жұмыс жасау әдісін тағы бір (мүмкін бірнеше) рет көрсету қажет, өйткені, бала қате жіберді немесе әртегердің орындалу реттілігін бұзды. Мұғалім баламан келесі жолы қай кезде осы жұмысқа оралатынын жоспарлайды;

- берілген жаттығу балаға өте құрделі, өйткені, бала мүлдем орындаі алмады немесе бас тартты. Онда мұғалімге ойлану керек, балаға қандай женіл жаттығу ұсана алатыны.

3) Еркін әрекет кезінде мүмкіндігі шектеулі балаға кей-кезде жаттығуды өз бетімен таңдау қыындық тұбызады. Сол кезде, мұғалім балаға таныс бірнеше жаттығудың ішінен таңдал алушы ұсынады.

4) Мүмкіндігі шектеулі бала өз бетімен өзіне таныс құралмен жұмыс жасау барысында әрекеттің орындалу реттілігін ұмытып қалуы немесе жаттығуды аяқтауда қыындыққа тап болуы мүмкін. Бұндай кезде, мұғалім бағыттаушылық көмек өкрестеді, ол үшін, ымдақ көмек немесе бір сатылы нұсқау беруді қолданады.

5) Егер, мұғалім баланың жаттығуды дұрыс емес орындаған жатқанын байқаса, жұмыс ортасында бас салып, қатесін жөндеуге кіріспеу керек. Бұл жағдайда бала қорғаншақтанға бастайды, мұғалім көбінесе бұл жағдайда, зиян тигізіп алады. Бала «ұлу үқсан, өз ұсына тығызып қалады».

6) Кез-келген қате орындалған әркетті мұғалім есінде сақтап қалу керек, келесі сабакта балаға жаттығуды дұрыс орындау әрекетін көрсету және түсіндіру үшін. Біз балаға «үйрете отырып үйретуіміз керек, түзеу арқылы емес».

7) Мұғалім әр дидактикалық құралдың қолдану мақсатын жақсы түсіну керек. Егер, бала құралды қызметтіне қараған орында маса, онда мұғалім оның әрекетін тоқтатып, жаттығу дұрыс орындалуы үшін, көрсетілімді тағы бір қаталауы керек.

8) Егер бала өзіне тансық, жаңа әрекетті өз бетімен орындаған бастаса, онда шынайы жағдайда орындаі білу керек. Мысалы, сумен жұмыс жасауда ол еденге суды төгіп алды, баланың өзі немесе басқа бала еден сүрткішті ала салып, төгілген суды сүрте бастаса, онда ол табиғи шынайы болар еді. Біз балаларға өз бетімен әрекеттенуді үйретуіміз керек; әр жағдайда үлкендерге тәуелді болмай, өз бетімен әрекеттенуге және де өзін қоршаган ортада қожайын болуға мүмкіндік беруіміз керек.

4 КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ЖАТТЫГУЛАРЫН КӨРСЕТУ (АЛҒАШҚЫ КӨРСЕТІЛІМ) ӘДІСІ

Әр жаттығудың алғашқы көрсетілімі мына құрылымдық компоненттерден тұрады.

Құралдар. Жаттығуды орындаға арналған заттармен құралдар, олардың сапалық сипаттамалары жазылады.

Мақсаты. Үйрету – балада қандай дағдылардың қалыптасатынын көрсетеді. Түзете-дамытушылық – жаттығуды орындауда қандай психологиялық функциялары, жеке тұлғалық қасиеттері дамитынын көрсетеді.

Алғашқы көрсетілім. Балаға қуралмен жасалатын жұмыс әдісі мен реттілігі жазылады.

Қате бақылауы. Балаға өзгенің көмегінсіз, жаттығуды қате немесе мүлдем дұрыс емес орынданап отырганын (құралдармен әрекетті қате орындауды) түсінуге мүмкіндік беретін әрекет жазылады.

Сөздік. Сөздер, сөз тіркестері тізімі, баланың сөздік қорына құралдармен жұмыс жасау барысында алдымен енжар сөздер, содан соң, белсенді сөздер енгізіледі.

Жаттығулар. Осы құралдармен жаттығудың орындалуы күрделене түсетін, басқа да әрекет түрлері жазылады.

Күтілетін нәтиже. Білім алуында ерекше қажеттілігі бар баланың жаттығуды мүмкіндігінше орындау түрлерінің тізімі.

Жас шамасы. Шамамен алғандағы жас мөлшері, қалыпты дамыған балаға қолайлы және қызығушылығын тудыратын, сонымен қатар, оны бірнеше рет орындауды (қайталауды) қалайтын жаттығулар.

1. Дайындық жаттығулары

Есікті ашып-жабу

Тұзумен жұру (бөлме ішінде)

Орындық тасымалдау

Ұслғе немесе кері орындықты жылжыту

Кілемшені жаю және орау

Бұршақты деңгелек тетікке салу

Каштандарды қалақпен аударып салу

Бұршақтарды қасықпен салу (аударып салу)

Құмғаннан құмғанға салу

Сүшгішпен шарларды сүзіп алу

Елек арқылы салу

Шұңғыма арқылы салу
Қақпактарды ашып-жабу
Моншақтарды тізу
Табиға материалдарды сұрыптау
Жөкемен суды аударып қю
Құмғаннан құмғанға қю
Шәйнектен кеселерге су қю
Көпірту
Батады..... батпайды
Үрімшімен суды аударып қю

Есікті ашу және жабу

Құралдар: есік, құлып тілшігімен, есік тұтқасы.

Мақсаты. Үрету мақсаты- есікті баяу, дыбыссыз ашуға және жабуга және тілшігі бар құлыппен жұмыс жасай білуге үрету. Тұзете- дамыту: кол мен дене қымылның үйлесімділігін, зейінінің шоғырлануын, өзгелерге кедергі жасамай жұмыс жасай білуін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған есікті ашып және жабу әдісін көрсетемін» - дейді.

2) Мұғалім есікке сол (оң) қырымен тұрып, сол (оң) қолымен тұтқадан ұстайды да, төмен қарай басады. Өзіне қарай тартыңқырап, қайта орнына апарады. Артқа қадам жасап, есікті толықтай ашады. «Аштым» - дейді.

3) Мұғалім баланың назарын есіктің тілшігіне аударып, тұтқаны басқанда жасырынып, жібергенде қайта қалпына келетіндігін көрсетеді (саусағымен нұқсау арқылы). «Тілшік» - деп атайды.

4) Мұғалім: тұтқаны басып, қайта көтеру әрекетін: «Бас» -деп балаға қайталап көруін ұсынады.

5) Содан соң, мұғалім мен бала бөлмeden шығады (кіреді). «Шығамыз/кіреміз».

6) Мұғалім ақырын тұтқаны басып, есікті жабады. «Жаптым» - дейді.

7) Енді мұғалім есікке оң (сол) қырымен тұрып, есікті оң (сол) қолымен ашады. «Аштым» - дейді.

8) Мұғалім мен бала бөлмеге кіреді/шығады. «Кіреміз/шығамыз».

9) «Енді сен».

Мұғалім баланың назарын есікті баяу және дыбыссыз жабу керектігіне (артқа жасалатын қадамға) аударады.

Қатені бакылау. Есік тарс жабылады немесе толық жабылмайды.

Сөздік: есік, құлып, тұтқа, тілшік, бастым, аштым, жаптым, кіреміз, шығамыз, тыныш.

Жаттығулар. Балалар әртүрлі тұтқалы есіктерді ашып/жабады, кілтті қолданады.

Күтілетін нәтиже:

- бала шынайы жағдайда есікті өз бетімен ақырын ашып/жабады;
- бала есікті мұғалімнің сұрауымен ашып/жабады;
- бала есікті мұғалімнің көмегімен ашып/жабады (қолда қол).

Жас шамасы: 3 – 3,5 жас

Шеңбер сзығымен (бөлме ішінде) жүру

Құралдар: эллипс, түсті жабыспақ лентадан жасалған пішін.

Максаты. Үйрету мақсаты—эллипс сзығымен, бөлме ішімен, жиһаздарға соғылмай, үстел, орындықтардың, кілемшелердің арасымен әсем жүргуге үйрету. Түзету- дамыту: жүру кезінде қымыл үйлесімдігін, сонымен қатар, өз денесін бағындыруды үйрету.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған (сендерге) сзық бойымен (бөлме ішімен) қалай жүру көректігін көрсетемін». Бала (балалар) орындықта отырады не- месе тұрып тұрады.

2) Мұғалім эллипс сзығы бойына тұрып, баяу жүріп өтіп, орнына қайтып келеді.

3) «Енді сзық бойымен бірге жүреміз». Мұғалім балаға ыммен сзық бойына, өзінің артына тұруын сұрайды. «Мен сияқты жүр». Жүріс аяқталғанда, мұғалім: «Тоқта» - деп белгі береді.

Қатені бақылау: Бала сзықтан шығып кетеді, жиһазды орнынан қозғап кетеді.

Сөздік: сзық, тоқта.

Жаттығулар. Балалар бөлме ішінде үстел, орындық, жерге жайылған кілемше арасымен, оларға соқтығыспай, кілемшени баспай баяу музыка ырғағымен жүреді. Балалар бөлме ішімен бірінің артында бірі (мұғалім сонынан), аяқтарының ұшымен үстел, орындық, жерге жайылған кілемше арасымен, оларға соқтығыспай, кілемшени баспай баяу музыка ырғағымен жүреді. Балалар «пойыз» болып, бірінің сонында бірі алдындағы баланың иғына қолдарын қойып қозғалады.

Күтілетін нәтиже. Бала бөлме ішімен әсем қозғалады; бала жүгірмейді; жерде жатқан, басқа бала жұмыс жасап отырған кілемшени баспайды. Бала бөлме кеңістігінде, эллипс сзығы бойында, қымылындауында сөздік нұсқау арқылы («жүгірме», «кілемшени айналып өт»), көрсету арқылы, сыртқы бақылауды талап етеді.

Жас шамасы: 2,5-3 жас

Орындық тасымалдау

Құрал: женіл, арқасытұтас жабық емес балалар орындығы.

Мақсаты. Үйрету – орындықты бір жерден екінші жерге ақырын және ұқыпты тасымалдауга үйрету. Түзете – дамыту – қимыл үйлесімдігін, қол бұлышқетінің күшін, денесін бағындыра білуін, дербестігін, әлеуметтік тәртібін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған орындықты қалай тасымалдау керектігін көрсетеңін» - дейді.

2) Мұғалім орындықтың жанына барады, орындықтың арқалығы он жақта (солақайларға сол жақта) болуы керек.

3) Оң қолымен орындықтың арқалығынан ұстайды, басбармағы қарама-қарсы орналасады.

4) Сол қолымен орындықтың отыратын бөлігінен ұстайды: төрт саусағы отыратын тақтайдың астында, ал басбармақ ұстінде орналасады.

5) Мұғалім орындықты артқа еңкейтіп, еденде артқы екі аяғы қалатындағы етіп ұстап тұрады.

6) Мұғалім орындықты көтереді «Көтердім». Аяқтарын түзу, төмен қаратып ұстап: «Апара жатырмын» - деп, таңдалған орынға апарады.

7) Мұғалім орындықты кері тәртіpte қояды: алдымен артқы екі аяғына, содан соң, ақырын алдыңғы екі аяғын қояды: «Қоямын» - дейді. Мұғалім орындыққа отырады.

8) «Енді сен».

Қатені бақылау. Орындықты тасымалдауда, қойғандагы шулы дыбыстар; тасымалдау барысында, орындықтың аяқтарының төмен қарамауы.

Сөздік: орындық, арқалығы, отыратын бөлігі, аяқтары, көтеремін, апарамын, ақырын қоямын.

Жаттығулар. Балалар әртүрлі арқалығы бар орындықтарды немесе арқалығы жок орындықтарды тасымалдайды. Балалар эллипс бойымен орындық алып жүреді. Балалар орындықты эллипс сзызығына шеңбер құрып отыру үшін, қояды.

Күтілетін нәтиже;

- бала өз бетімен орындықты басқа орынға ақырын және дүрыс тасымалдайды.

- бала орындықты мұғалімнің толық көмегімен тасымалдайды (кол ұстінде қол).

Жас шамасы: 2-3 жас.

Орындықты үстелге жылжыту және үстелден жылжыту

Құрал: женіл, арқасытұтас жабық емес балалар орындығы.

Мақсаты. Үйрету – орындықты үстелден және үстелден жылжытуға

үйрету. Тұзете- дамыту – қымыл үйлесімдігін, қол бұлшықетінің күшін, денесін бағындыра білуін, дербестігін, әлеуметтік тәртібін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған орындықты жылжыту тәртібін көрсетемін» - дейді.

2) Мұғалім орындықтың арқылығының артында тұрады, орындықты оң және сол жағынан ұстап, артқа қарай еңкейтеді (орындықтың артқы екі аяғы еденде қалады).

3) Орындықты сәл көтеріп, артқа бір қадам жасап жылжытады.

4) Артқы аяқтарын кезекпен жерге түсіреді, содан соң, алдыңғы аяқтарына қояды. Денесін тіктеп: «Жылжыттым» - дейді.

5) Осыдан кейін, қайта орындықты арқалығының оң және сол жақтауларынан ұстап, екі аяғына еңкейтеді.

6) Орындықты сәл көтеріп, алдыға бір қадам жасап, ұстелге жақын артқы аяқтарын кезекпен жерге түсіреді, содан соң, алдыңғы аяқтарына қояды. «Жылжыттым» - дейді.

7) «Енді сен».

Қате бақылауы. Орындықты жылжытуда артық шулы дыбыстар.

Сөздік: орындық, арқалық, отыру бөлігі, аяқтары, көтеремін, жылжыттым, ақырын қоямын.

Жаттығулар. Балалар әртүрлі арқалығы бар немесе арқалығы жоқ орындықтарды жылжытады.

Күтілетін нәтиже:

- бала жұмыс соңында орныдығын өз бетімен ақырын жылжытады;
- бала жұмыс соңында мұғалімнің ескертүімен орындықты қозгайды;
- бала орындықты мұғалімнің толықтай көмегімен орындейды (қол қолда).

Жас шамасы: 2, 5 -3 жас.

Үстел тасымалдау

Құрал: женіл, төрт аяқты балаларға арналған үстел.

Максаты. Үйрету – үстелді бір орыннан екінші орынға ақырын және үқыпты апаруға үйрету. Тұзете-дамыту – қымыл үйлесімдігін, қол бұлшықетінің күшін, денесін бағындыра білуін, дербестігін, әлеуметтік тәртібін дамыту, бір-бірімен келісімге келуге және бірлесе әрекеттенуге үйрету.

Алғашқы көрсетілім

1) Мұғалім: «Мен саған үстелді қалай тасымалдау керектігін көрсетемін».

2) Мұғалім мен көмекшісі үстелдің екі жағында, қарама-қарсы тұрады. Үстелді көтеріп, басқа орынға апарады.

3) Алдымен үстелді мұғалім жағындағы аяқтарына түсіреді, содан соң, көмекші жағындағы аяқтарын қояды.

4) Мұғалім көмекшісіне көмегі үшін алғыс айтады.

5) «Енді сен. Кімнен көмек сұрағын келеді».

Қате бақылауы. Үстелді тасымалдауда, койғанда артық шулы дыбыстар; тасымалдау кезінде үстел аяқтарының төмөн қарамауы.

Сөздік: үстел, үстелдің беткі тактайы, көтеремін, апара жатырмын, ақырын қоямын.

Жаттығулар. Балалар үстелді үшеулеп, төртеуlep тасымалдайды.

Күтілетін нәтиже:

балалар үстелді басқа орынға өз бетімен ақырын және дұрыс апаратып қояды.

балалар үстелді мұғалімнің толықтай көмегімен апарып қояды (қолда қол).

Жас шамасы: 2,5 – 3 жас.

Кілемшені жаю және орау

Құралдар: оралған кілемшелер тұратын тіреуіш, бір түсті, 120x70 см-лі, қыска тұтқті немесе тегіс кілемшесі, катты матадан болғаны құптарлық.

Мақсаты. Үйрету – тіреуіштен кілемшені алуға және қайта салуға үйрету. Кілемшені жұмыс жасау үшін, жаюға немесе орауга үйрету.

Тұзете-дамыту–колмен аяқтың бұлышықетін дамыту, қымыл үйлесімдігін, зейінінің шоғырлануын, дербестігін, ұқыптылығын, әлеуметтік тәртібін дамыту.

Алғашкы көрсетілім

1) Мұғалім баламен біурге кілемшелер тұрган тіреуішке келеді.

Мұғалім: «Мен саған кілемшені қалай алып жаю керек екнін көрсетемін».

2) Мұғалім кілемшені ашық тұрган шетін өзіне қаратса айналдырады да, саусактарымен ұстайды.

3) Кілемшені орта тұсынан екі қолымен ұстайды да, тіреуіштен шығарады, тігінен ұстап тұрып едендерін бос орынға апаратады.

4) Мұғалім отырып, алдына кілемшені өзінен кері жаятындағы етіп жатқызады. Қолымен кілемшениң жиегімен, бір бұрышынан екінші бұрышына қарай жүріп өтеді.

5) Кілем жиегіне тізерлеп отырып, мұғалім баяу қолымен кезекпекезек және тізесімен алдыға жылжи отырып, кілемшені жая бастайды. «Жайдым».

6) «Ал енді, кілемшені айналып өтуді көрсетемін». Мұғалім баланы қолынан жетектеп, кілемшені айналып өтеді, жасалған жұмысқа сүйіспеншілік танытады.

7) «Ал енді, кілемшені орнына қоюды көрсетемін». Мұғалім

кілемшенің жанына отырады. Екі қолдарын кезектестіре отырып, өзіне тарта нағызыдап, түтікше етіп орайды.

8) Орай отырып, кілемнің екі жақ шетіне қарап, қажет болса, түзеп отырады.

9) Оралған кілемшені тік тұрғызады да, ортасынан ұстап, тігінен екі қолымен алдында ұстайды.

10) Мұғалім кілемшені тіреуішке ұқыпты орналастырады. «Қойдым».

11) «Енді сен».

Қате бақылауы. Кілемше тасымалдау кезінде жайылып кетеді. Кілемше тіреуіш ұяшығына сыймайды.

Сөздік: кілемше, тіреуіш, шығарамын, саламын, жаямын, ораймын, айналып өтемін, апарамын, қоямын.

Жаттығулар. Жұмсақ матадан жасалған кілемшені басқа әдіспен жаю және бүктеу. Кілемшені карда тазалау, далада қағу, шаңсорғышпен тазалау.

Күтілетін нәтиже:

- бала жұмысы аяқталғанда кілемшені өз бетімен жаяды және орап, орнына апарады;

- бала жұмысы аяқталғанда кілемшені мұғалімнің ескертуімен жаяды және орап, орнына апарады;

- бала жұмысы аяқталғанда кілемшені мұғалімнің толықтай көмегімен жаяды және орап, орнына апарады.

Жас шамасы: 2,5 -3 жас.

Дөңгелек тетікке бұршақты қолымен салу

Құрал: табақ, тіс жуу щеткасына арналған дөңгелек тетікті қақпағы бар ыдыс. Бұршақ салынған қақпағы бар ыдыс.

Мақсаты. Үйрету – бұршақты басбармағымен және сұқсаусағымен алып, қақпақтың тетігіне салу. Түзете-дамыту – шымшып ұстau, қол қимыл үйлесімділігін, қол мен көз қимылның үйлесімділігін, зейінінің шоғырлануын, ұқыптылығын дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған мына құралмен жұмыс жасау әдісін көрсетемін» - дейді.

2) Мұғалім табақты құралдарымен ұстелге апарады, табақты тұтқасынан дұрыс ұстau, апару, көлдененеңінен ұстau, дыбыссыз кою әдісін көрсетеді.

3) Мұғалім ақырын орындықты жылжытып, отырады.

4) Мұғалім бұршақ салынған ыдыстың қақпағын сол қолымен ашып, қақпақты ыдыстың артына қояды.

5) Оң қолымен бұршақты екі саусағымен алып, қақпақ тетігіне салаады. Әрекетті бірнеше рет қайталаиды.

- 6) «Енді сен».
- 7) Баланың жұмысқа селсоктығы байқалса, мұғалім: «Сен болдың ба?» - деп сұрайды.
- 8) Баланың құптаған жауабын алған соң, мұғалім табақтан барлық заттарды алып, ретімен табақтың жоғар жағына қояды.
- 9) Мұғалім табаққа түсіп қалған бұршақтарды теріп алып, ыдысқа салады. Алақанымен табақты сиапап: «Таза» - деп айтады.
- 10) Мұғалім құралдарды қайта табаққа реттілігімен қояды. Үйдістың қақпағын жабады.
- 11) Мұғалім балаға табақты сөредегі орнына апарып қоюын сұрайды. Егер, бала өз бетімен апара алмаса, мұғалім оған көмектеседі.
Қатені бақылау. Шашылған бұршақ(табақта, үстел үстінде, еденде).
Сөздік: бұршақ, ал, қой, аш, жап, қақпақ, табақ.
Жаттығу. Тетікке жұмсақ шарларды, каштандарды салу.
Күтілетін нәтиже:
 - бала бұршақты сенімді алып, тетікке екі саусағымен салады;
 - бала бұршақты уыстап алады, бір қолынан екіншісіне аударады, екі немесе бірнеше саусағымен алуға тырысады.Жас шамасы: 1 – 1,5 жас.

Каштанды қалақшамен салу

Құрал: табақ, екі тегеш, біреуінде каштан бар, қалақша.

Мақсаты. Үйрету – балаға каштанды аударып салу үшін, қалақшаны пайдалануға үйрету. Тұзете-дамыту – қалақшаны дұрыс ұстауға үйрету, кол кимылдың үйлесімділігі мен нақтылығын, «қол мен көз» үйлесімдігін, білек қимылдың, ұқыптылығын дамыту, өз бетімен жұмыс жасауға, зейінін шоғырландыра білуге, жұмысты аяғына дейін орындауға үйрету.

Алғашқы көрсетілім.

- 1) Мұғалім: «Мен саган қалакшамен каштан салу әдісін көрсетемін».
- 2) Мұғалім құралдары бар табақты үстел үстінен әкеледі (жұмысты кілемшениң үстінде жасауға болады).
- 3) Мұғалім қалакшаны алып, ұстау әдісін көрсетеді, қалакшаның сабын алақанға қысып, үлкен басбармақты қарсы жаққа жібереді.
- 4) Мұғалім қалакшаны каштанға толтырып, солдан онға бағыттап, он жақтағы тегешке салады. Сол қаолымен тегешті демеп, ұстап тұрады. Каштан аяқталғанша әрекет қайталаңады. «Салып болдым».
- 5) Мұғалім қалакшаны орнына қояды. Сол жақтағы тегенті көрсетіп: «Бос» дейді. Каштаны бар ыдысты көрсетіп: «Каштан мында».
- 6) «Табақты тексереміз». Мұғалім тегештерді сол жақтағыдан бастап, кезекпен табақтан шығарып қояды. Табақ сиап өтіп, шашылған каштанды жинап алып. «Таза».

7) Мұғалім тегештерді бұрынғы орнына орналастырады, каштаны барды сол жаққа, бос тегешті оң жақта, қалакшаны тегештердің ортасына қояды.

8) «Енді сен».

Қате бақылауы. Табақта және үстелдің үстінде шашылған каштандар.

Сөздік: тегеш, каштан, салдық, қалақша, таза.

Жаттығулар. Бала каштандарды қолымен, тегештерді аударып салады.

Күтілетін нәтиже:

- бала жаттығуды өз бетімен және ұқыпты, табақтың тазалығын тексереп отырып орындаиды;

- бала мұғалімнің жүйелі көмегімен салады;

- бала мұғалімнің толықтай көмегімен (қол қолда) орындаиды.

Жас шамасы: 1,5 – 2 жас.

Бұршақты қасықпен салу

Құралдар: табақ, екі кесе, біреуінде бұршақ бар, екі қасық, біреуі үлкен, екіншісі кішкентай.

Мақсаты. Үйрету – балаға бір кеседен екіншісіне қасықпен салуға үйрету. Түзете-дамыту – қасықты дұрыс ұстауға, қымылның нақтылығы мен дәлдігін дамыту, «қол мен көз» қымылның үйлесімділігін, ұқыптылығын, өз бетімен жұмыс істеу, зейінінің шоғырлануын, жұмысты аяғына дейін жасау дағдысын дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған бұршақты салу әдісін көрсетемін».

2) Мұғалім мен бала құралдары бар табақты (табақты дұрыс ұстау, үстелге «Тыныш» сөзімен қою, орындықты жылжыту және отыру әдісін көрсетеді) әкеледі.

3) «Бұршақты саламын». Мұғалім қасықтарды екі қолымен алып, кеzekпен табақ сыртына қояды. «Мен мына қасықты тандаймын» - деп кез-келгенін алады.

4) Мұғалім қасықты алып, қалай ұстау керектігін көрсетеді: қасық ортаңғы саусаққа жатқызылады. Үстінен үлкен және шынашакпен ұсататылады.

5) Мұғалім қасықты бұршақпен толтырады, сәл көтеріп, солдан онға қарай бағыттап, оң жақтағы ыдыска салады. Осы әрекетті бұршак біткенше қайталайды. Кесенің түбінде қалған аз бұршақты, кесені енкейтінкіреп, қасықпен іліп алады. «Салып болдым».

6) Мұғалім қасықты табақтың оң жағына қояды. Бос кесені көрсетіп: «Бос»- дейді. Оң жақтағы кесені көрсетіп: «Бұршақ мында».

7) «Табақты тексереміз». Мұғалім кеселерді сол жақтан бастап, кеzekпен табақтан шығарады. Табақты сипап етіп, шашылған бұршақты жи-нап алып: «Таза» - дейді.

8) Мұғалім кеселерді бұрынғы орындарына қояды, бүршагы бар кесе сол жақта, бос кесе он жақта, қасықтар кеселердің ортасында.

9) «Енді сен».

Ескерту. Салу барысында мұғалім қасықтарды алмастырады: «Енді мамина қасықпен салып көрейін».

Қате бақылауы. Табақта және үстелде шашылған бүршак.

Сөздік: кесе, бүршак, салдық, қасық, таза, шашылды.

Жаттығулар. Бала бүршакты қолымен салады, кесемен аударып салады, қасықпен тас салады, басқа да ұсақ заттарды қысқаш арқылы салады.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен және ұқыпты аударып салады, табақ тазалығын тексереді;

- бала мұғалімнің жүйелі бағыттауымен орындаиды;

- бала мұғалімнің толық қомегімен (кол қолда) орындаиды.

Жас шамасы: 2,5 жас.

Құмғаннан құмғанға салу

Құралдар: табақ, екі құмған, біреуінде жарма бар.

Мақсаты. Үйрету – балаға құмғаннан құмғанға жарманы аударып салуга үйрету. Тұзете-дамыту – құмғанды тұтқасынан дұрыс ұстауга, қол қымылдының үйлесімділігі мен нақтылығын, бұлшықет сезімталдығын, білек қозгалысын, ұқыптылығын, өзбетімен жұмыс жасай білуін, зейінін шоғырландыра білуін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған құмғаннан құмғанға жарма салу әдісін көрсетемін».

2) Мұғалім мен бала құралдары бар табақты үстелге әкеледі (табақты дұрыс ұстап, үстелге «Тыныш» дей отырып, қою әдісін көрсетеді).

3) Мұғалім он қолымен құмғанның тұтқасынан: сұқсаусақ пен ортаңғы саусақты тұтқаға сұғып, басбармақпен жоғарғы жағынан демеп ұстайды. Сол қолымен құмғаннның шүмелгінің тұсынан ұстайды.

4) Мұғалім құмғанды көтеріп, бос құмғанға қарай еңкейтеді де, сыйзықтатып аударады. «Салып болдым».

5) Мұғалім құмғаннның ішіне көз тастап, бос екеніне көз жеткізеді. Балаға да қарауға ұсынады. «Бос».

6) Мұғалім құмғанды орнына қояды. «Табақты тексереміз». Мұғалім құмғандарды кезекпен, екі қолымен ұстап, тұтқаларын өзіне қаратып, табақ сыртына шығарады. Сол жақтағы құмғанды сол қолымен ұстап, он қолымен шүмелгінің тұсынан демейді. Он жақтағы құмғанды керісінше ұстайды.

7) Мұғалім табаты сипап өтеді. Шашылған жарманы шүперекпен сүртіп алады немесе щеткамен сыпрырып алышп, қоқысқа тастайды.

8) Мұғалім құмғандарды табаққа шүмектерін бір-біріне қаратып қояды. Оң қолымен сол жақтағы құмғанның тұтқасынан ұстап, сол қолымен шүмегінің тұсынан ұстайды. Құмғанды табақтың оң жағына қояды. Сол қолымен екінші құмғанды алып, оң қолымен шүмегінің тұсынан ұстайды. Құмғанды табақтың сол жағына қояды.

9) «Енді сен».

Қате бақылауы. Табакта шышилған жарма.

Сөздік: құмған, аударып салдық, жарма, таза, бос.

Күтілетін нәтиже:

- бала жаттығуды өз бетімен және ұқыпты, табақтың тазалығын тексерे отырып орындаиды;

- бала мұғалімнің жүйелі көмегімен салады;

- бала мұғалімнің толықтай көмегімен (қол қолда) орындаиды.

Жас шамасы: 2, 5 жас.

Сүзгішпен судан кішкене шарларды сүзіп алу

Құралдар: табақ, сұы бар тегеш, ішінде 10 кішкене шарлар қалқып жүр, жұмырқа салатын ұяшықтар, сүзгіш, жоке.

Мақсаты. Үйрету – шарларды сүзіп, ұяшыққа салуды үйрету.

Тұзете-дамыту – сүзгішті сабынан дұрыс ұстауға үйрету, қол қымылның үйлесімділігі мен нақтылығын, білек қымылын, ұқыптылығын, өз бетімен жұмыс жасай білуін, зейінін шоғырландыра білуін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған шарларды судан сүзіп алу әдісін көрсетемін.

Сүмен жұмыс жасаймыз. Алжапқыш кио керек». Мұғалі мен бала алжапқыш киеді.

2) Мұғалім немесе бала құралдары бар табақты сумен жұмыс жасауға арналған үстелге әкеледі.

3) Мұғалім сүзгішті алып, бір шарды сүзіп алады да, ұяшыққа салады. Осылай әрекетті барлық шарларды сүзіп алмағанша жалғастырады. «Салып болдық».

4) «Табақты тексереміз». Мұғалім тегешті, сүзгіш пен ұяшықты табақтан шығарады. Мұғалім табақты тексереді. Төгілген суды жөкемен сүртіп алады.

5) Мұғалім тегешті, сүзгішті және ұяшықты орнына, табаққа орналастырады.

6) «Енді сен».

Қате бақылауы. Табақта және үстелде төгілген су.

Сөздік: тегеш, шарлар, сүзгіш, салдық, күргақ, таза.

Жаттығу. Бала шарларды немесе басқа да қалқып жүрген заттарды ағаш қасықпен, қысқашпен алады.

Күтілетін нәтиже:

- бала жаттығуды өз бетімен және ұқыпты, табақтың тазалығын тексерे отырып орындайды;
- бала мұғалімнің жүйелі көмегімен салады;
- бала мұғалімнің толықтай көмегімен (кол колда) орындайды

Жас шамасы: 2, 5 – 3 жас.

Елеуіш арқылы елеп салу

Құралдар: табақ, 3 керамикалық немесе шыны ыдыстар, елеуіш. Бір ыдыста бұршақ (қарақұмық) араластырылған жарма.

Мақсаты. Үйрету – бір жармадан екіншісін бөліп алу үшін, елеуішті колдануға үйрету. Түзете-дамыту – қымыл үйлесімділігі мен нақтылығын дамыту, «көзбен қол» үйлесімділігін, ұқыптылығын, өз бетімен жұмыс жасау дағдысын дамыту.

Алғашки көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған елеуішпен жарманы елеу әдісін көрсетемін». Мұғалім немес бала сөреден құралдары бар табақты әкеледі.

2) Мұғалім елеуішті алып бос ыдыстың біреуіне салады. «Елеуішті ыдыска саламын».

3) Мұғалім қасықпен араласқан жарманы алып, елеуішке салады. Қасықпен араластыру арқылы ұсақ жарманы ыдыска түсіреді. Елеуішті бұршақ (қарақұмық) қалады. Мұғалім жарманы: «Бұршак» - деп атайды.

4) Мұғалім бұршакты бос үшінші ыдыска салады.

5) Мұғалім бұл әрекетті жарманы толықтай бөліп алғанша жалғастырады. Аз қалған жарманы қасықсыз ыдысты аударып салуга болады.

6) «Еледік. Мында жарма» - деп ыдысты көрсетеді. «Мында бұршак, мына ыдыс бос» - деп ыдыстарды түгел көрсетеді.

7) «Табақты тексереміз». Мұғалім табақтан ыдыстар мен елеуішті алып тастайды. Табақты қолымен жүргізеді. Егер де, жарма төгілген болса, шүперекпен сүртіп алады (садан соң, шүперекті жуу керек).

8) Мұғалім ыдыстар мен елеуішті табаққа қояды. «Енді сен».

Қате бақылауы. Табақта және үстел шашылған жарма.

Сөздік: ыдыс, елеуіш, жарма, бұршақ (қарақұмық), еледік, таза-лас.

Жаттығу. Бала басқа да жармаларды елеуіш арқылы елейді.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен және ұқыпты елейді, сонымен қатар табақтың тазалығын қадағалайды;

- бала жұмысты мұғалімнің жүйелі бағыттауымен орындайды.

Жас шамасы: 2-3 жас.

Шұңғыма арқылы салу

Құрал: табақ, мойны жінішке құмыра, жарма салынған кесе, шұңғыма, қасық.

Мақсаты. Үйрету – мойны жінішке құмыраға шұңғыма арқылы дәнек салу. Түзете-дамыту – қимылдың нақтылығын және дөлділігін дамыту, «қол мен көз» қимылдының үйлесімділігін, өз бетімен жұмыс істеуін, зейінін үшін шоғырлануын дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

- 1) Мұғалім: «Мен саған шұңғыма арқылы салу әдісін көрсетемін».
- 2) Мұғалім бала құралдары бар табақты үстелге қояды. Мұғалім әр құралды көрсетіп, атап өтеді.
- 3) Мұғалім екі қолымен шұңғыманы ернеуінен ұстап, көтеріп, өзінен кері айналдырып, құмыраға кигізеді. «Шұңғыманы құмыраға кигіздім».
- 4) Мұғалім қасықты алып, жарманы кеседен көсіп алады. Мұғалім қасықты шұңғымаға апарып, баюу салады. Осылайша, кеседегі жарма аяқталғанша әрекетті аяқтайды. Аз қалған жарманы кесемен төңкеріп салауга болады. «Аударып салдым. Бос». Мұғалім бос кесені көрсетеді.
- 5) «Табақты тексереміз». Мұғалім екі қолымен шұңғыманы шығарып, табақтың сыртына қояды. Содан соң, құмыраны, кесе мен қасықты табақтың сыртына қояды.
- 6) Мұғалім табақ бетін алақанымен жүріп өтіп, түсіп қалған дәнектерді жинап алады. «Таза».
- 7) Мұғалім табаққа құмыраны, шұңғыманы, қасықты, кесені орналастырады. Құмырандағы жарманы кесеге аударады.
- 8) «Енді сен».

Қате бақылауы. Табаққа және үстелге шашылған жарма.

Сөздік: кесе, шұңғыма, салдық, шұңғыманы құмыраға салдым, ластаза.

Күтілетін нәтиже:

- бала шұңғыма арқылы құмыраға жарманы өз бетімен және ұқыпты салады;
- бала мұғалімнің жүйелі бағыттауымен орындаиды;
- бала салуды мұғалімнің толықтай көмегімен (кол қолда) орындаиды.

Жас шамасы: 2-3 жас.

Қақпактарды ашып – жабу

Құрал: қорап, құмыралар, әртүрлі көлемді қақпактары бар құтылар. Әр ыдыстың ішінде кішкентай заттар – «тосынсый» бар.

Мақсаты. Үйрету – қақпактарды ашып-жабуға, қақпак көлемін құмыра немесе құты аузына сәйкестендіріп жабуға үйрету. Түзете-дамыту – кол қимылдының үйлесімдігі мен нақтылығын, жетекші қолдың білек қимылын, ұқыптылықты дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған құмыралар мен құтылардың қақапактарын ашып-жабу әдісін көрсетемін».

2) Мұғалім немесе бала құмыралары және құтылары бар қорапты үстелге әкеледі, қорапты екі жағындағы тұтқасынан ұстайды.

3) Мұғалім құмыраны алып, оны өз алдына қояды. Сол қолымен құмыраны ұстап, он қолымен қақпақты бұрап ашады. Қақпақты қораптың оң жағына қояды. Құмыраны сол жағына қояды да, «аштық» - дейді.

4) Осылайша, әрекет әр ыдыспен қайталанады.

5) Босап қалған қорапты үстелдің шетіне, өзінен кері жылжытып қояды.

6) «Құмыралардың қақпақтарын жабамыз»

7) Мұғалім кез-келген құмыраны немесе құтыны алып, өз алдына қояды. Кез-келген қақпакты алып, ыдысты жабуға талпынады. Егер де, қақпақ жабылmasa, мұғалім: «Сәйкес келмейді» - дейді.

8) Мұғалім сәйкес келетін қақпақты тауып, жабады да, «жаптық» - дейді. Мұғалім құмыраны қорапка салады. Осылайша, әрекет барлық ыдыспен қайталанады.

9) Мұғалім қорапты балағы ығыстырып, «Енді сен» - дейді.

Қате бақылауы. Жабылмай қалған құмыра немесе құты.

Сөздік: құмыра, құты, қақпақ, аштық, жаптық, сәйкес келеді, сәйкес келмейді.

Жаттығулар: бала қақпақты ашып, ішінен затты алып, бақылап қарастырады, орындарын ауыстырады.

Мұғалім қақпақтардың санын (2-3 тен) азайтып, таңдауда женілдік жасайды.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен қақпақтарды ашып-жабады және құралдарды орнына апарады;

- бала қақапактарды өз бетімен ашып, тек үлкен диаметрлі қақпақтарды жабады;

- бала өз бетімен қақапактарды ашады, мұғалімнің толықтай көмегімен (кол қолда) жабады.

Жас шамасы: 2- 2,5 жас.

Моншақ откізу

Құралдар. Қорапта жатқанәртүрлі түсті ірі, ортасында тетігтері бар моншақтар (геометриялық денелер, «Фрёбел сыйлықтары» құралынан), жуан біз баумен.

Максаты. Үйрету – Балаға бауға моншақ тізуге үйрету.

Түзете-дамыту – екі қолының қымылышының үйлесімділігін, зейінін шоғырлануын дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) «Мен саған моншақ тізу әдісін көрсетемін».

2) Мұғалім немесе бала құралдары бар қорапты үстелге әкеледі.

Мұғалім баланың оң жағына отырады.

3) Мұғалім оң қолымен бауға бекіген бізді алып, сол қолымен моншақты алады да, баяу бізді моншақ тетігіне кіргізіп, екінші жағынан бізді сұрып алуды көрсетеді. Мұғалім моншақты баудың сонына дейін жылжытады.

4) Осы әдіспен мұғалім бірнеше моншақты өткізеді.

5) «Енді сен».

Қате бақылауы. Бізге киілмей, тайып кететін моншақ.

Сөздік: өткізу, моншақ.

Жаттығулар: бала ұсақ моншақтарды жіңішке бізге, бауға өткізеді. Бала әртүрлі түсті шашқа тағатын резиналарды түтікшеге өткізеді.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен бауға моншақ өткізеді.

Жас шамасы: 2,5- 3 жас.

Табига материалдарды сұрыптау

Құралдар. Табақ, тастары және бақалшықтары бар ыдыс. Екі бос кесе.

Мақсаты. Үйрету – балаға табиги материалдарды сұрыптауға үйрету.

Түзете-дамыту – сәйкестендіру мен сұрыптау арқылы ақыл-ойын дамыту, зейінін шоғырландыру дағдысын дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім немесе бала құралдары бар табакты үстелге әкеледі.

Мұғалім заттарды бір-бірден алып, бір ыдысқа тастарды, екіншісіне бақалшықтарды сұрыптауды сала бастайды. Әр заттың атауын атап отырады.

2) Мұғалім балаға сұрыптауды жалғастыруды ұснынады.

Қате бақылауы. Бақылауды мұғалім жасайды. Мұғалім баланың қатесін түзмелейді.

Сөздік: тас, бақалшық.

Жаттығулар: бала үш топқа сұрыптауды, каштан, емен жаңғағы және жаңғақты.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен сұрыптауды.

Жас шамасы: 2,5- 3 жас.

Суды жөкемен аударып құю

Құрал. Табақ, екі тегеш (сол жактағысында су бар), баланың қолына мөлшерленген орташа көлемді жөкө, шүперек.

Мақсаты. Үйрету- жөкенің көмегімен бір ыдыстан екінші ыдысқа суды

аударып құюға үйрету. Түзете-дамыту – қол білегі мен саусақтарының бұлышықттерін дамыту, қол қымылының үйлесімділігін, ұқыптылықты, өз бетімен жұмыс жасауды, зейін шоғырлығын дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған жөке арқылы суды аударып қую әдісін көрсетемін». Мұғалім құралдары бар табақты үстелге әкеліп қояды. Баланың оң жағына отырады.

2) Мұғалім жөкені суга батырады да, суға батып, өзіне суды сіңіргенше саусақпен басып тұрады.

3) Мұғалім бағу екі қолымен жөкені алғып, екінші ыдысқа ауыстырып, күш салып жөкені сығу арқылы, суды құяды. Егер де, алдыңғы ыдыста сү қалған болса, әрекетті қайталайды.

4) Мұғалім сол жақтағы тегешті көрсетіп: «Бос. Су жоқ». Мұғалім оң жақтағы тегешті көрсетіп: «Су мында».

5) «Ал енді, табақты тексерейік». Мұғалім тегештерді екі қолымен ұстап, тегештен алады, жөкені де тегештен алады. Табақты тексереді, төгілген суды сүртіп алады.

6) Мұғалім тегештерді (сүзы барын сол жаққа, босын оң жаққа) табаққа қояды, жөкені тегештердің ортасына орналастырады.

7) «Енді сен».

Қате бақылауы. Төгілген су.

Сөздік: тегеш, табақ, тамшы, жөке, сүрттік, ылғалды-құрғак.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен жөке арқылы ыдыстан ыдысқа суды аударып құяды;

- бала суды мұғалімнің көмегімен (қол қолда) орындаиды.

Жас шамасы: 2,5 – 3 жас.

Құмғаннан құмғанға су қую

Құрал. Табақ, тұтқалары қарама-қарсы орналасқан екі құмған. Оң жақ құмғанда су бар. Егер де, құмған түссіз болса, суды бояп қоюға болады. Кішкене жөке немесе шүперек, құмғанның аузынан соңғы су тамшысын және табақты сұртуге арналған.

Мақсаты. Үйрету - бір ыдыстан екінші ыдысқа су қуюға үйрету.

Түзете-дамыту – кезектілікпен қол қымылының үйлесімділігін, ұқыптылықты, өз бетімен жұмыс істеуін, зейінінің шоғырлануын, ішкі жинақылығының дамуын, саусақпен және білектің күшін машықтандыруға үйрету.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған құмғаннан құмғанға су қую әдісін көрсетемін». Мұғалім сөредегі құралдары бар табақты үстелге әкеледі. Баланың оң жағына отырады.

- 2) Мұғалім табақтын жөкені алып, табақтың сол жағына қояды.
- 3) Мұғалім оң жақ құмғанды тұтқасынан ұстайды, жарма салғандағыдай, сол қолымен құмғанның аузының тұсынан ұстайды. Құмғанды көтеріп, суды бағу бос құмғанға қояды. Соңғы тамшыны жөкемен сүртіп алады.
- 4) «Құйдық. Құмған бос». Құмғанның ішіне қарап, бос екеніне көз жеткізуге болады.
- 5) «Ал енді, табакты тексерейік. Құрғак па екен».
- 6) Мұғалім сол жақтағы құмғанды табақтың жоғарғы жағына алып қояды, содан соң, оң жақ құмғанды қояды, тұтқалары балаға қарап тұрады.
- 7) Мұғалім табақты тексереді, толықтай сенімді болу үшін, қолымен табақ бетін сипайды. Егер де, табақ су болса, оны жөкемен немесе шүперекпен сүртеді.
- 8) Содан соң, мұғалім құмғанды табаққа қояды: сол жақ құмғанның (ішінде суы бар) тұтқасын оң қолымен, сол қолымен аузынан демеп ұстайды. Құмғанды табақтың оң жағына, тұтқасын онға қаратып қояды. Оң жақ құмғанның тұтқасын сол қолымен, ал сол қолымен демеп ұстайды да, табақтың сол жағына тұтқасын сол жаққа қаратып қояды. Жөкені құмғандардың ортасына қояды.

9) «Енді сен».

Қате бақылауы. Төтілген су.

Сөздік: құмған, табақ, тамшы, жөке, аударып құйдық, бос, құрғак-ылғалдары.

Жаттығу. Бала суды құмғаннан стакандарға, құмғаннан құмыраларға шұнғыма арқылы қояды.

Күтілетін нәтиже:

- бала ыдыстан ыдысқа суды өз бетімен қояды;
- бала суды мұғалімнің көмегімен (қол қолда) қояды.

Жас шамасы: 2,5 – 3 жас.

Шәйнектен кеселерге су қю

Құралдар: табақ, суы бар шәйнек, үш кесе, шүперек.

Мақсаты. Үйрету – белгіге сүйене отырып, шәйнектен кеселерге су қюоға үйрету. Түзете-дамыту - қолдың қымылышының үйлесімдігі мен нақтылығын дамыту, жаттығуды орындауда іс-әрекеттің кезектілігін сактауға, ұқыптылыққа, зейінін, өз бетімен жұмыс жасай білу дағдыларын дамыту.

Алғашқы көрсетілім

1) Мұғалім: «Мен саған шәйнектен кеселерге су қю әдісін көрсетемін.

2) Сүмен жұмыс жасаймыз. Алжапқыш кио керек». Мұғалім мен бала алжапқыш киеді.

3) Мұғалім немесе бала құралдары бар табақты үстел үстінен әкеледі. Шәйнек он жақта (онқайларға) тұрады. Мұғалім шәйнекті тұтқасынан он қолмен көтереді, сол қолымен қақпағын ұстап тұрады. Суды бірінші кесеге белгіге дейін құяды. Саусағымен белгіні және су деңгейін көрсетеді. Екінші кесеге де құйып, саусағымен белгіні және су деңгейін көрсетеді. Ушінші кесемен де солай қаталайды.

4) «Күйдік». Мұғалім сол қолымен шәйнектің қақпағын ашып, он қолымен тұтқасынан ұстайды. Қақпақты табақтың сол жағына қояды. Әр кеседегі суды шәйнекке екі қолымен ұстап құяды. Шәйнектің қақпағын жабады.

5) «Ал енді, табақты тексереміз». Мұғалім шәйнекті табақтың он жағына, кеселерді табақтан шығарып қояды. Мұғалім табақты алақаңымен сипап өтіп тексереді. Егер, табақ су болса, кір жайғыштан шүперек алып, құрғатып сұртеді. Сулы шүперекті кір жайғышқа жайып қояды да, қыстырығышпен қыстырады.

6) Мұғалім шәйнекті табаққа, он жаққа қояды. Екі қолымен кеселерді алып, табақтағы орындарына қояды.

7) «Енді сен».

Қате бақылауы. Төгілген су, үшінші кесеге жетпей қалған су.

Сөздік: шәйнек, шәйнектің тұтқасы, қақпак, кесе, күйдік, сұрттік, құрғақ, сулы, аштық-жаптық.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен шәйнектен кеселерге су құяды;
- бала мұғалімнің жүйелі бағыттау көмегімен орындаиды;
- бала мұғалімнің көмегімен (қол қолда) шәйнектен кеселерге су құяды.

Мұғалім жұмыс орнын жинауға көмектеседі.

Жас шамасы: 2,5-3 жас.

Көпіршік көпірту

Құрал. Табақ, суы бар тегеш, сұйық сабын, араластырғыш, тұтікшелер, жеке.

Мақсаты. Үйрету - араластырғыш және тұтікшелер арқылы көпіршік көпіртуге үйрету. Тұзете-дамыту – қол білегінің бұлшықеттерін дамыту, қол қымылсының үйлесімділігін дамыту, ауыз арқылы ұзақ дәм шығаруға машиқтандыру.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған көпіршік көпірту әдісін көрсетемін». Мұғалім құралдары бар табақты үстелге әкеліп қояды. Баланың он жағына отырады.

2) Мұғалім сұы бар тегешке бірнеше тамшы сұйық сабын тамызады. Арапастырғышты алып, көпіршік пайда болғанға дейін суды арапастыра-ды.

3) Мұғалім арапастырғышты алып қойып, тұтікшені суға түсіреді де, үрледі. «Көпіршік».

4) Мұғалім сабынды суды шелеке төгеді. Тегешті жөкемен сұртеді. Тегешті, арапастырғышты, тұтікшелерді, сұйық сабынды табақтан алып тастайды. Табакты тексереді. Су тамшыларын жөкемен сұртіп алады.

5) Мұғалім табақта тегешті, арапастырғышты, тұтікшелерді, сабын-ды салады. Тегешке қайта су құяды.

6) «Енді сен».

Қате бақылауы. Төтілген су.

Сөздік: тегеш, табақ, арапастырғыш, тамшы, жөке, тұтікше, көпіршік, сабынды су, сұрттік, құргақ-ылғалды.

Жаттығу. Бала қатты сабынды үгкіштен өткізіп, сұйық сабынның орны-на пайдаланады.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен арапастырғыш пен тұтікшелерді қолдана отырып көпіршікті көпіртеді;

- бала көпіршікті мұғалімнің көмегімен (қол қолда) орындаиды.

Жас шамасы: 2,5 – 3 жас.

Батады... батпайды

Құралдар. Табақ, сұы бар әйнек тегеш, әртүрлі заттары бар тегеш: тын, тығын, тас, моншақ, кішкене пластмассадан жасалған шар, жөке т.б. Екі тарелке: біреуі бататын заттарға, екіншісі батпайтын, су бетінде қалқытын заттарға арналған.

Мақсаты. Үйрету – балаға заттардың қасиеттерін батады, батпайды әдісі арқылы ажыратыға үйрету.

Тұзете-дамыту – сәйкестендіру мен сұрыптау арқылы ақыл-оыйн дамы-ту, зейінін шоғырландыру дағдысын дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім немесе бала құралдарды үстелге әкеледі. Мұғалім заттарды бір-бірден алады да, сұы бар тегешке салады. Әр затты атап отырады. Мұғалім бақылайды – зат батады ма, жоқ па. Содан соң, заттарды бір-бірден шыгарып, тиісті ыдысқа сала бастайды: «Батады», («батпайды»).

2) Мұғалім балаға бақылауды және ыдыстарға сұрыптап салуды жалғастыруды ұсынады. Қате бақылауы. Бақылауды мұғалім жасайды. Мұғалім баланың қатесін түземейді.

Сөздік: батады, батпайды, қалқиды, заттардың атауы.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен «батады»-«батпайды» әдісімен сұрыптайты.

Жас шамасы: 3,5 – 4 жас.

Үрімшемен (груша) суды аударып қую

Құрал. Табақ, екі тегеш, үрімше (груша), жөке.

Мақсаты. Үйрету- бір ыдыстап екінші ыдысқа үрімше арқылы құюға үйрету. Түзете-дамыту – қол білегінің бұлышқеттерін дамыту, қол қымылдының кезектілігі мен үйлесімділігін дамыту, ұқыптылықты, өз бетімен жұмыс жасай білуін, ішкі жинақылығын дамыту.

Алғашқа көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған үрімше арқылы су құю әдісін көрсетемін». Мұғалім құралдары бар табакты үстелге әкеледі. Баланың оң жағына отырады.

2) Мұғалім жөкені алғып, табақтың артына қояды.

3) Мұғалім үрімшени тұмсығымен суға түсіреді, үрімшени қысу арқылы ішіндегі ауаны сыртқа ығыстарады. Үрімшени баяу босатады. Ишіне су толғанша, күтіп тұрады.

4) Мұғалім үрімшіні екі қолымен қысу арқылы бос ыдыска суды құяды. Әрекетті сол жақтағы ыдыс босағанша қайталайды.

5) «Күйдік». «Тегеш бос».

6) «Ал енді, табақты тексерейік, құрғақ па екен». Мұғалім тегештер мен жөкені табактан алады. Тексереді. Су тамшылары мен төгілген суды жөкемен сұртіп алады.

7) Мұғалім сұы бар тегешті сол жаққа, бос ыдысты сол жаққа, ал үрімшіні ортасына қояды. Жөкені үрімшінің артына қояды.

8) «Енді сен».

Қате бақылауы. Төгілген су.

Сөздік: тегеш, табақ, үрімші, тамшы, жөке, күйдік, бос, құрғақ-ылғалды.

Жаттығу. Бала суды тұтікшеге шприцке немесе пипеткаға сору арқылы құяды.

Күтілетін нәтиже:

- бала үрімші арқылы суды өз бетімен құяды;

- бала суды мұғалімнің көмегімен құяды (қол қолда).

Жас шамасы: 2,5 – 3 жас.

2 ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КҮТІМ ЖАСАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАТТЫҒУЛАР

Орындық тасымалдау
Үстел үстінен сыптыру
Дастархан жабдықтау
Қысқа сапты щеткамен едендегі қоқысты сыптыру
Бұрандаларды ағытып-бекіту (көлденеңінен)
Бұрандаларды ағытып-бекіту (тігінен)
Үстел жуу

Айна жуу

Орындық тасылмалдау

Құрал: женіл, арқасынұтас жабық емес балалар орындығы.

Мақсаты. Үйрету – орындықты бір жерден екінші жерге ақырын және ұқыпты тасымалдауға үйрету. Түзете –дамыту – қимыл үйлесімдігін, қол бұлшықетінің күшін, денесін бағындыра білуін, дербестігін, әлеуметтік тәртібін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған орындықты қалай тасымалдау керектігін көрсетемін» - дейді.

2) Мұғалім орындықтың жаңына барады, орындықтың арқалығы оң жақта (солақайларға сол жақта) болуы керек.

3) Оң қолымен орындықтың арқалығынан ұстайды, басбармағы қарама-қарсы орналасады.

4) Сол қолымен орындықтың отыратын бөлігінен ұстайды: төрт саусағы отыратын тақтайдың астында, ал басбармақ үстінде орналасады.

5) Мұғалім орындықты артқа енкейтіп, еденде артқы екі аяғы қалатындағы етіп ұстап тұрады.

6) Мұғалім орындықты көтереді «Көтердім». Аяқтарын түзу, төмен қаратып ұстап: «Апара жатырмын» - деп, таңдалған орынға апарады.

7) Мұғалім орындықты кері тәртіpte қояды: алдымен артқы екі аяғына, содан соң, ақырын алдыңғы екі аяғын қояды: «Қоямын» - дейді. Мұғалім орындыққа отырады.

8) «Енді сен».

Қатені бақылау. Орындықты тасымалдауда, қойғандағы шулы дыбыстар; тасымалдау барысында, орындықтың аяқтарының төмен қарамауы.

Сөздік: орындық, арқалығы, отыратын бөлігі, аяқтары, көтеремін, апарамын, ақырын қоямын.

Жаттығулар. Балалар әртүрлі арқалығы бар орындықтарды немесе арқалығы жок орындықтарды тасымалдайды. Балалар эллипс бойымен орындық алып жүреді. Балалар орындықты эллипс сзызығына шеңбер құрып отыру үшін, қояды.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен орындықты басқа орынға ақырын және дұрыс тасымалдайды;
- бала орындықты мұғалімнің толық көмегімен тасымалдайды (кол үстінде қол).

Жас шамасы: 2-3 жас.

Үстел үстінен сыпыру

Құрал. Табақ, қоқыс салынған ыдыс (кептірілген мандарин қабығы, роза гүлінің құлтуптері немесе қағаз қиқымдары), қалақша, түзу сапты щетка, жабысқақ белгі.

Мақсаты. Үйрету- үстел үстінен қоқысты сипырып алуға үйрету. Түзете-дамыту – кимыл үйлесімділігін дамыту, ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс істеуге, зейінін шоғырландыра білуге, әрекеттің реттілігін орындаі білуге үйрету, білек күшін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған үстел үстінен қоқысты сипыру әдісін көрсетемін». Мұғалім (немесе бала) құралдары бар табакты үстелге (үстел кіші болса, жанындағы орындыққа қояды). Мұғалім баланың оң жағында тұрады.

2) Мұғалім ыдыстағы қоқысты үстел үстінен шашады, қоқыс жерге түсіп кетпеуін қадағалайды.

3) Үстел ортасына белгіні жапсырады. «Белгіні көріп тұрсың ба?»

4) «Қазір біз қоқысты белгіге қарай сипырамыз». Мұғалім щетканы мына үлгі бойынша ұстайды: басбармак, орта, атыжок және шынашак саптан ұстайды, ал сұқ саусақ саптың бойында жатады. Үстелдің сол жақ бұрышынан бастап, дода сыйған тәрізді айналдыра қоқысты белгіге қарай сипырады. Мұғалім осылайша сипыра отырып, белгіні қоқыспен жабады. «Ал енді белгіні көріп тұрсың ба?». «Жоқ».

5) Мұғалім қалақшаны жиналған қоқыстың шетіне қойып, сипырып қоқысты қалақшаға салады. Қоқысты түгел салып алу үшін, қалақшаны сәл артқа жылжытады.

6) «Енді қоқысты қоқыс себетіне саламыз». Мұғалім қалақшаның үстінен щетканы қойып, себетке апарады. Себет үстінде қалақшаны он жакка қарай еңкейтеді, қоқыс қалақшаның бір жағына қарай ығуы үшін. Қалақшаны себетке еңкейтіп, щеткамен қоқысты түгел себетке түсуіне көмектеседі.

7) Қалақша мен щетканы табаққа салып, сөредегі орнына апарады.
(Қажет болса, ыдысқа тағы да қоқыс салады).

8) «Енді сен».

Қате бақылауы. Үстелде және еденде жиналмай қалған қоқыс.

Сөздік: қоқыс, белгі, щетка, калакша, таза, сыпыру, шашу.

Жаттығу. Бала басқа жаттығулар барысында төгілген жармаларды және де басқа да қоқыстарды сыпырады. Бала еденедегі қоқысты сыпырады.

Күтілетін нәтиже:

- бала үстел үстінен қоқысты сыпырып алғып, себетке салады;
- бала үстел үстінен қоқысты сыпыруды және себетке тастауды мұғалімнің жүйелі бағыттауымен орындаиды;
- бала қоқысты сыпыруды мұғалімнің көмегімен орныдаиды (кол қолда).

Жас шамасы: 2,5 – 3 жас.

Дастархан жабдықтау

Құрал: табак, кіші табак, шыны аяқ, ас құралдары (қасық, шанышқы, пышак), аталған ыдыстардың сұлбасы тігілген матадан тігілген майлық.

Мақсаты. Үйрету – дастарханды жабдықтауға үйрету: үстел үстінен майлықтағы сызба бойынша, құралдарды (қасық, шанышқы, пышақты) тиісті реттілікпен қоюға үйрету. Түзете- дамыту – шынайы заттарды сұлбасымен сәйкестендіруге, тегістікте бағдарлауға, ұқыптылыққа үйрету, қол мен көз қымыл үйлесімділігін дамыту.

Алғашқы көрсетілім

1) Мұғалім: «Мен саған дастарханды жабдықтау әдісін көрсетемін». Мұғалім табақты құралдарымен әкеледі, табақты ұстай әдісін көрсетіп өтеді.

2) Мұғалім табақтан шыны аяқты алғып – үстелдің оң жақ жоғарғы бұрышына, майлықты – оң жақ төменгі бұрышына, кіші табақты шыны аяқтың сол жағына, пышақты – кіші табақтың сол жағына, қасықты – пышақтың сол жағына, шанышқыны – қасықтың сол жағына қояды. Табақты сөреге апарып қояды.

3) Мұғалім үстел басына орындыққа отырып, алдына майлықты қояды. Екі бұрышынан ұстап, өзінен кері қарай жаяды. Майлықтың жоғарғы бұрышынан оң қолымен, төменгі бұрышынан сол қолымен ұстап майлықты толық жаяды.

4) Мұғалім кіші табақты табақ сұлбасының үстіне қояды, содан соң шанышқыны сұлбага қояды, қасықты және пышақты қояды. Шыны аяқты да сұлбасына сәйкестендіріп қояды. «Жабдықтадык».

5) Мұғалім ыдыстарды кері қарай үстел үстіне орналастырады.

6) Майлықты кері тәртіpte бүктейді. Табақты алғып келіп, барлық

ыдысты: кіші табақты, ас құралдарын, майлықты кіші табақтың үстіне қояды. Сонында шыны аяқты қояды. Табақты орнына апарады.

7) «Енді сен».

Қатені бақылау: ыдыстар мен құралдар сұлбада орналаспаған.

Сөздік: жабдықтау, майлық, кіші табақ, шыны аяқ, пышак, шанышқы, қасық.

Жаттығу. Мұғалімбалага үш сатылы сабак арқылы, құрал атауларын түсінігінде, содан соң ауызша сөздігінде дамытады. Балалар сұлбасы жоқ майлықта құралдарды орналастыруға үйренеді. Балалар дастарханды өздері жасаған салатты жесу үшін, жабдықтайды.

Күтілетін нәтиже:

- бала майлықтағы сұлбасыз өз бетімен дастарханды жабдықтайды;
- майлықтағы сұлбаларға сүйене отырып, бала өз бетімен жабдықтайды;
- бала майлықтағы сұлбаларға ыдыстарды мұғалімнің көмегімен орналастырады.

Жас шамасы: 3-4 жас.

Қысқа сапты щетканы қолдана отырып, еденнен қоқысты сыптыру

Құрал. Табақ, қоқыс салынған ыдыс (кептірілген мандарин қабығы, роза ғұлінің құлтелері немесе қағаз қиқымдары), калақша, тұзу сапты щетка, жабысқақ белгі, бор.

Мақсаты. Үйрету- еденнен қоқысты сыптырып алуға үйрету. Тұзетедамыту – қимыл үйлесімділігін дамыту, ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс істеуге, зейінін шоғырландыра білуге, әрекеттің реттілігін орындаі білуге үйрету, білек күшін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған еденнен қоқысты сыптыру әдісін көрсетемін». Мұғалім (немесе бала) құралдары бар табақты үстелге (үстел кіші болса, жанындағы орындыққа қояды). Мұғалім баланың оң жағында тұрады.

2) Мұғалім ыдыстағы қоқысты еденге шашады. Шашылған қоқысты айналдыра бормен шеңбер сызып қоршайды.

3) Шашылған қоқыс ортасына белгіні жапсырады. «Белгіні көріп тұрсың ба?»

4) «Қазір біз қоқысты белгіге қарай сыптырамыз». Мұғалім щетканы мына үлгі бойынша ұстайды: басбармақ, орта, атыжок және шынашақ саптан ұстайды, ал сұқ саусақ саптың бойында жатады. Үстелдің сол жақ бұрышынан бастап, дуга сызған тәрізді айналдыра қоқысты белгіге қарай сыптырады. Мұғалім осылайша сыптыра отырып, белгіні қоқыспен жабады. «Ал енді белгіні көріп тұрсың ба?». «Жоқ».

5) Мұғалім қалақшаны жиналған қоқыстың шетіне қойып, сыпырып қоқысты қалақшага салады. Қоқысты түгел салып алу үшін, қалақшаны сәл артқа жылжытады.

6) «Енді қоқысты қоқыс себетіне саламыз». Мұғалім қалақшаның үстіне щетканы қойып, себетке апарады. Себет үстінде қалақшаны оң жаққа қарай еңкейтеді, қоқыс қалақшаның бір жағына қарай ығуы үшін. Қалақшаны себетке еңкейтіп, щеткамен қоқысты түгел себетке түсіune көмектеседі.

7) Қалақша мен щетканы табаққа салып, сөредегі орнына апарады. (Қажет болса, ыдысқа тағы да қоқыс салады).

8) «Енді сен».

Қате бақылауы. Еденде жиналмай калған қоқыс.

Сөздік: қоқыс, белгі, щетка, қалақша, таза, сыпыру, шашу.

Жаттығу. Бала басқа жаттығулар барысында төгіліген жармаларды және де басқа да қоқыстарды сыпырады. Бала еденедегі қоқысты сыпырады.

Күтілетін нәтиже:

- бала еденедегі қоқысты сыпырып алғып, себетке салады;
- бала еденедегі қоқысты сыпыруды және себетке тастауды мұғалімнің жүйелі бағыттауымен орындаиды;
- бала қоқысты сыпыруды мұғалімнің көмегімен орныдайды (қол колда).

Жас шамасы: 2,5 – 3 жас.

Бұранданы (болт) ағыту және бекіту (көлденең орналасқан)

Құралдар: әртүрлі даметрлі гайкалары бар көлемдері әртүрлі бес бұранда орналасқан тақтайша.

Мақсаттары. Үйрету – әртүрлі диаметрлі гайкаларды ағытуп, бұранданың тиісті көлеміне сәйкестендіріп бекітуге үйрету. Түзете-дамыту – қол қымылышың үлесімдігі мен нақтылығын, жетекші қолдың білек қымылышын, ұқыптылықты, нақтылық пен дәлділігін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған гайкаларды ағыту және бекіту әдісін көрсетемін».

2) Мұғалім немесе бала гайкалары бар бұрандалар орналасқан тақтайшаны екі жағынан ұстап, ұстелге әкеліп қояды.

3) Мұғалім тақтайшаны үлкен бұрандасын оң жаққа қаратып қояды.

4) Мұғалім тақтайшаны сол қолымен демеп ұстап, оң жақтағы бірінші гайканы ағыта бастайды (ескерту: солақай бала тақтайшаны оң қолымен демеп, сол қолымен гайканы ағытады). Гайканы тақтайшаның жоғар жағына, сәйкес келетін бұранданың тұсына қояды. «Ағыттық».

5) Мұғалім тағы біреуін ағытады да, сәйкес бұранданың тұсына

қояды. «Ағыттық». Ары қарай, мұғалім балаға жалғастыруға ұсынады: «Енді сен».

6) Барлық гайка ағытылғаннан соң, мұғалім айтады: «Мен саған гайкаларды бекіту әдісін көрсетемін». Мұғалім үлкен гайканы алып, бекітеді. «Бекіттік». Сол қолымен тақтайшаны демеп ұстап тұрады. Ары қарай, мұғалім балаға ұсынады: «Енді сен».

7) Жұмыс аяқталғаннан соң, құрал орнына апарылады.

Қате бақылауы. Гайка аяғына дейін бұралмаған.

Сөздік: бұранда, гайка, тақтайша, ағыттық, бекіттік, сәйкес келеді, сәйкес келмейді, үлкен, кішкентай.

Жаттығулар: барлық гайкалар ағытылғаннан кейін, тақтайша 180 ° бұрылады. Бала гайкаларды қозбен сәйкестендіру немесе өлшеп-көрү арқылы тиістісін тауып, бекітеді.

Күтілетін нәтиже:

- бала гайканы өз бетімен ағытып, бекітеді;
- бала өз бетімен гайкаларды ағытады, тек үлкен диаметрлі гайканы бекітеді;
- бала өз бетімен гайканы ағытады, мұғалімнің көмегімен (қол қолда) бекітеді.

Жас шамасы: 2,5 - 3 жас.

Бұранданы (болт) ағыту және бекіту (тігінен орналасқан)

Құралдар: әртүрлі даметрлі гайкалары бар қөлемдері әртүрлі тігінен орналасқан он бұрандалы тақтайша.

Максаты. Үйрету – балаға әртүрлі диаметрлі гайканы ағытып және тиісті бұрандаға сақинасын (шайба) қолдана отырып бекітуге үйрету.

Түзете-дамыту – қол қымылышың үйлесімдігі мен нақтылығын, жетекші қолдың білек қымылышын, ұқыптылықты, нақтылық пен дәлділігін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған гайкаларды ағыту және бекіту әдісін көрсетемін».

2) Мұғалім немесе бала гайкалары бар бұрандалар орналасқан тақтайшаны екі жағынан ұстап, үстелге әкеліп қояды.

3) Мұғалім тақтайшаны қырымен өз алдына қояды: гайкалары он жакқа (солакайларға сол жакқа) қарайды. Екі қолдың бірдей үйлескен қымылыш көрінуі үшін, бала мұғалімге карама-карсы отырады.

4) Мұғалім ең үлкен бұранданы ағытудан бастайды. Сол қолымен тақтайшаның бір жағынадағы бұранданың қалпағынан ұстап, екінші жағынадағы гайканы ағытады. Ағытып болғаннан соң, мұғалім гайканы тақтайшаның оң жағына қояды. «Ағыттық». Мұғалім сақинаны (шайба-

ны) шешіп, гайканың жаңына қояды. «Сақинасын шештік». Сол қолымен бұранданы тетіктен босатып, сұрып алады: «Бұранданы шығардық». Бұранданы тақтайшаның сол жағына қояды.

5) Мұғалі «құлақты» гайканы ағытады. Құлақтарын үш саусақпен ұстайды. Гайканы ағытқаннан кейін, тақтайшаның оң жағына қойып: «Ағыттық» - дейді. Сақинасын шешіп, гайканың жаңына қояды: «Сақинасын шешеміз». Сол қолымен босап қалған бұранданы тетіктен сұрып алады да: «Бұранданы шығарамыз» - дейді. Мұғалім бұранданы тақтайшаның сол жағына қояды.

6) «Енді сен».

7) Барлық гайка ағытылғаннан соң, мұғалім айтады: «Мен саған гайкаларды бекіту әдісін көрсетемін». Мұғалім ең үлкен бұранданы алып, тиісті тетікке кіргізді, оң жағынан сақинасын кигізді және бұрандаға гайканы оң қолымен бекітеді. Сол қолымен бұранданың қалпағын ұстап тұрады. «Бекіттік». Ары қарай, мұғалім балаға ұсынады: «Енді сен».

8) Жұмыс аяқталғаннан соң, құрал орнына апарылады.

Қате бақылауы. Гайка аяғына дейін бұралмаған. Сақиналары күйлемеген.

Сөздік: бұранда, гайка, сакина (шайба), «қалпағы», «құлагы», тақтайша, ағыттық, бекіттік, сәйкес келеді, сәйкес келмейді, шығардық, кигіздік, үлкен, кішкентай.

Күтілетін нәтиже:

- бала гайканы өз бетімен ағытып, бекітеді;
- бала өз бетімен гайкаларды ағытады, тек үлкен диаметрлі гайканы бекітеді;
- бала өз бетімен гайканы ағытады, мұғалімнің көмегімен (қол колда) бекітеді.

Жас шамасы: 4 – 4,5 жас.

Үстел жуу

Құрал: үстел, табақ, 2 сұзы бар тегеш, үстел жууга арналған жөке, сабын салғышқа салынған сабын.

Мақсаты. Үйрету – сабынды қолдану арқылы үстел жууға, шүперекпен құрғатып сұртуге үйрету. Түзете-дамыту – қымыл нақтылығын дамыту, кеңістікте бағдарлауга, «көзбен қол» үйлесімділігін, ұқыптылығын, өз бетімен жұмыс жасау дағдысын дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған үстел жуу әдісін көрсетемін. Ол үшін, алдымен алжапқыш киеміз». Мұғалім мен бала алжапқыш киеді.

2) Мұғалім (немесе бала) құралдары бар табақты әкеліп, үстелдің сол жағында тұрған орындыққа қояды.

3) Мұғалім айтады: «Мен үстелдің жартысын жуамын, ал екінші жартысын сен жуасын». (Мұғалім үстелдің жоғарғы жағын жуады, төменгі жағын балаға қалдырады).

4) Мұғалім жөкені бірінші тұрған тегештегі суға малып, сулайды да, сәл сығып алады. «Үстелді ылғалдан аламыз».

5) Мұғалім сол қолын үстелге тіреп, оң қолымен үстелді сол жақтан оң жаққа қарай жөкені жүргізіп, сулайды. Үстелдің оң жақ шетіне жеткенде, жөкемен суды қайырып алады (ұтір), онысы су жерге тамып кетпеуі үшін жасалған қымыл.

6) Мұғалім жөкені суға салып шайқайды да, орнына қояды.

7) Мұғалім сабынды алып, суламай, үстел үстінде өрнек салады.

8) Мұғалім сабынды суға малып, шайқап алып, орнына салады.

9) Мұғалім жөкені алып, солдан онға қарай өрнек сала отырып жуады. Жөкемен үстелдің жоғарғы жартысының жиектерін сүртеді.

10) Мұғалім жөкені шайқап: «Сабынды жуып аламыз». Солдан онға қарай сабынды сүртіп алады. Үстелдің оң жағында «ұтір» жасайды. Содан онға жасалған әр «жолақтан» соң, мұғалім жөкедегі сабын мен көбікті балага көрсетеді. Соңында жөкені суда жуады.

11) «Ал енді, үстелді таза сумен сүртіп аламыз». Мұғалім шүперекті алып, екінші тегеште сулап алады да, сығып алып, содан онға қарай сабынның қалдығын сүртіп алады. Үстел шетінде «ұтір» жасайды. Осы шүперекпен үстел жиегін сүртіп алады.

12) Мұғалім шүперекті жуады да орнына қояды.

13) «Үстелді құрғатып сүртеміз». Мұғалім екінші шүперекті алады да, үстелді және жиектерін сүртеді.

14) «Енді сен». (Егер бірінші тегештегі су лай болып қалса, су ауыстырлады. Ол үшін, мұғалім еденге еден жуатын шүперекті төсеп, үстіне шелек қояды да лай суды төгеді. Егер де, тегешті шайқау қажет болса, таза су құйылып шайқалады. Шелек орнына қойылады).

15) Бала өзіне берілген белілкіті жуып болғаннан соң, жұмыс орны жиналады. Тазалап сүртілген құралдар орындықта тұрған табаққа қойылады. Су болған шүперектер кептірігішке жайылады. Табақ сереге апарылады. Егер қажет болса, бала еденді сүркішпен сүртіп алады.

Қате бақылауы. Едендегі төгілген су.

Сөздік: тегеш, жөке, сабын, сабындау, шайқау, сұрту, құю-төгу, құрғак-ылғалды, таза-лас.

Жаттығу. Бала үстел аяқтарын жоғарыдан төмен қарай жуады. Орындық жуады: алдымен арқалығын, содан соң, отыратын жерін, артынан аяқтарын. Бала басқа да жиһаздарды жуады (сөрені).

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен үстел жуады;

- бала үстелді мұғалімнің жүйелі бағыттауымен жуады.

Жас шамасы: 4-5 жас.

Айна жуу

Құралдар: кабыргаға ілінген айна, табақ, тегеш, айна жууға арналған шүпек, құрғак шүпек, әйнек жуатын сұйықтық.

Мақсаты. Үйрету – арнайы сұйықтықты қолдану арқылы балаға айна жууға үйрету, айнаны шүпекпен құрғатып сұртуге үйрету. Түзете- дамыту мақсаты – қимылдының нақтылығын дамыту, кеңістікті бағдарлауын, қол мен көз қимылдының үйлесімділігін, ұқыптылығын, өз бетімен жұмыс істей білуін дамыту.

Алғашқы көрсетілім

1) Мұғалім: «Мен саған айна жуу әдісін көрсетемін» - дейді. Мұғалім мен бала алжапқыш киеді.

2) Мұғалім құралдары бар табақты айнаның жанына алып келеді де, үстелге қояды.

3) Еден сұртетін шүпекті айнаның астына төсейді. Мұғалім тегешке су құйып, шүпекті суға батырып, оны сығады да: «Айнаны сумен жуа-мыз».

4) Мұғалім айнаны қол қимылдың айналдыра отырып, айнаның бетімен солдан онға, жоғарыдан төмен қарай сұртеді. Сол қолымен тұтқадан ұстап тұрады.

5) «Енді айнаны жууга арналған сұйықтықпен ылғалдаймыз». Мұғалім сұйықтықты айна бетіне, солдан онға және жоғарыдан төмен қарай шашады.

6) «Енді құрғатып сұртемін». Мұғалім құрғак шүпекті алып, айна-ны ауналдыра құрғатып сұртеді. Қажет болса, сұйықтықты тағы шашады.

7) Жұмыс соңында мұғалім су болып қалған шүпекті кептірғішке жаяды да, құрғак шүпек алады.

8) «Енді сен».

9) Жұмыс соңында бала құралдарды орнына апарады.

Қате бакылауы. Айна бетінің каталдығы. Айнаның жуылмаған, құрғатып сұртілмеген жерлерінің калуы.

Сөздік: айна, шүпек, жууга арналған сұйықтық, ылғалды-құрғак, лас-таза, сулаймын, сұртемін.

Жаттығу. Бала айнаны тек сумен ғана жуып, құрғатып сұртеді.

Күтілетін нәтиже:

- бала айнаны өз бетімен жуады.

- бала айнаны мұғалімнің жүйеленген бағыттауымен орындаиды.

- бала айнаның тек бір бөлігін ғана жуады.

Жас шамасы: 5-5.5 жас.

3) Өзіне-өзі қызмет көрсетеу дағдыларына байланысты жаттыгулар

Қол жуу
Ыңдыс жуу
Кір жуу
Үтіктеу
Жеміс жуу
Майлыш бұктеу
Бастырма ілгекті ағытып-бекіту
Жабысқыш-ілгекті ағытып-бекіту
Түймені ағытып-бекіту
Сыдырма ілгекті ағытып-бекіту
Белдікті ілгекті ағытып-бекіту
Бант шешіп-балау
Фастекс ілгекті ағытып-бекіту
Бауды шешіп-өткізу
Аяқ киім тазалау

Қол жуу

Құралдар: шелек, үлкен тегеш, сұзы бар құмған, сабыны бар сабын салғыш, жәке, тегеш жуатын щетка, алжапқыш, орамал, үстел сүртетін шүперек, еден сүртетін шүперек.

Мақсаты. Үйрету – балаға қолын сабынмен жуып, орамалмен сүртуге үйрету, қолданылған ыдыстар мен заттарды қолданылғаннан кейін қалпына келтіруге үйрету. Түзете-дамыту – қолдың қимылының үйлесімдігі мен нақтылығын дамыту, жаттығуды орындауда іс-эрекеттің кезектілігін сақтауға, ұқыптылыққа үйрету.

Алғашкы көрсетілім

1) Мұғалім: «Мен саған қол жуу әдісін көрсетемін. Сумен жұмыс жасаймыз. Алжапқыш кио керек». Мұғалім мен бала алжапқыш киеді.

2) Мұғалім (немесе бала) құралдары бар табақты үстелге әкеледі. Сұзы бар құмғанды бөлек әкеледі. Құмғанды табақтың оң жағына қояды.

3) Табақтағы барлық құрал келесі тәртіппен орналастырылады:
- щетка табақтың сыртына, қылымен төмен қаратып қойылады;

- сабын үстелдің сол жақ жоғарғы жағына қақпағы ашылып қойылады. Қақпағы оң жағына қойылады;

- орамал табақтың сол жағына қойылады да екі қимылмен жайылады: солға және төмен;

- шүперек табақтың сол жағына орналастырылады, орамалдың жанына (он жағында);

- мұғалім сол қолымен табақты көтеріп, оң қолымен табақты суырып алады;

- мұғалім тегешті үстелге қойып, табақты сөреге апарады.

4) Мұғалім құмғаннан белгіге дейін тегешке су құяды. Құмғанды тегештің үстінде еңкейтіп тұрып, соңғы тамшыны сұртіп алады. Құмғанды орнына қояды.

5) Мұғалім қолын суға, алақанын тәмен қаратып салады, аударады. Содан соң, қолын судан шығарып, алақандарын біріктіріп, қайық жасап ұстап тұрады. Судың ағып кеткенін күтеді.

6) Мұғалім оң қолымен сабынды алғып, айналдыра отырып, сол алақанын сабындайды. Содан соң, сабынды сол қолына ауыстырып, он алақанын сабындайды.

7) Мұғалім сабынды суда шайқап, сабын салғышқа салып қояды.

8) Мұғалім «сабынды қолғап» жасайды: алдымен алақанды алақанға үйкейді, содан соң, он алақанымен сол қолының сырт жағын, білек тұсын үйкейді. Ары қарай, сол қолының эр саусағын ары-бері айналдыра отырып, сабындайды. Басбармақтан бастап, шынашақпен аяктайды. Соңында, шынашақтан бастап, эр саусақтың бойымен, толқын тәрізді қимыл жасап, сүк саусақпен жүріп өтеді. Білекті де сабындан өтеді.

9) Тура солай оң колды да сабындайды.

10) «Сабыннадық, енді жуамыз».

11) Мұғалім қолын тегешке салып, сабынды жуады: сол қолымен суды оң қолына құяды, оң қолымен сол қолына құяды.

12) Мұғалім алақаның қайық жасап, су ағып кеткенше күтеді.

13) Мұғалім алақандарын орамалға қойып, құргатады, аударып, сырт жағын құргатады. Эр саусағын айналдыра үқалап сұртеді, білегін сұртіп аяктайды.

14) Мұғалім балаға таза орамалды көрсетеді (қолымызды тазалап жудық).

15) Егер, орамал су болып қалса, оны мұғалім кір жайғышқа жайып қояды.

16) Мұғалім жұмыс орнын жинауга кіріседі. Үстел астындағы шелекті шығарады, еден жуатын шүперекті еденге жайып, үстіне шелекті қояды.

17) Мұғалім щетканы алғып, тегештің жиегіндегі сабын жұғындысын тазалайды. Щетканы айналдыра қозғап, жуады. Щетканы орнына қояды.

18) Мұғалім екі қолымен тегешті ұстап, суды төгеді. Соңғы тамшыны жөкемен сұртіп алады. Тегешті орнына қояды.

19) «Тегешті шайқау керек». Мұғалім тегешке таза су құйып, щетканмен тегештің ішін тагы жуады. Щетканы шайқайды. Суды шелекке төгеді.

20) «Ал енді үстелді тексереміз». Мұғалім тегешті шелекке қояды, тегешке құмғанды қояды, сабын салғыш пен щетканы да салады.

Барлығын орамалмен жауып қояды. Үстел үстіне төгілген судың бар жоғын тексереді.

21) Мұғалім үстелдегі суды солдан онға қарай түзу бағытта шүперекпен сүртеді.

22) Сұлы шүперекті кебу үшін, кір жайғышқа жаяды.

23) Мұғалім сөреден табақты алып, үстел үстіне қояды. Орамалды алып, үш рет бүктеп, табақтың сол жағына қояды. Құмғанды сөреге апарады. Сабын салғышты табаққа, орамалдың жоғарғы жағына қояды. Щетканы сабын салғыштың оң жағына қояды. Тегешті табакқа қойып, табақты сөреге апарады. Шелекті үстел астына жылжытады. Шүперекпен бетін жауып қояды. Алжапқышты шешеді.

24) «Енді сен қолыңды жу».

Қате бақылауы. Лас орамал, үстел үстіне төгілген су.

Сөздік: тегеш, шелек, орамал, щетка, құмған, сабын салғыш, сабын, шүперек, күргак, таза, сұлы, лас, құямын, сулаймын, сабындаимын, шайқаймын, жуамын, төгемін, сүртемін, қоямын, жабамын, апарамын, жаямын.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен қол жуып, құралдарды орнына апарады;
- бала мұғалімнің жүйелі бағыттау көмегімен орындаиды.
- бала мұғалімнің көмегімен (қол қолда) қол жуады. Мұғалім жұмыс орнын езі жинаиды.

Жас шамасы: 3,5-4 жас.

Ұйдыс жуу

Құралдар: табақ, алжапқыш, екі тегеш, тегеш жуатын щетка, лас ыдыс (кеселер, кіші табақтар, қасық), сабын салғышқа салынған сабын, ыдыс жуатын сабын салғышқа салынған жөке, құмған, орамал, үстел сүртетін шүперек, еден жуатын шүперек, шелек, қол сүртетін орамал.

Мақсаты. Үйрету – ыдысты жуып, сүртуге үйрету.

Түзете-дамыту – екі қолдың қимылының үйлесімдігі мен нақтылығын дамыту, әрекеттің жасалу тізбегінің тәртібін сақтауға, ұқыптылыққа үйрету.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім:«Мен саған ыдыс жуу әдісін көрсетемін. Алжапқыш киейік». Алғашқы көрсетілімде екі кіші табақ қолданылады.

2) Мұғалім немесе бала құралдары бар табақты үстелге әкеледі.

3) Мұғалім құралдарды келесі тәртіpte орналастырады: табақтың алдына екі тегеш қатар қойылады. Сол жақ тегеште құмғаның тұтқасы балаға қарап тұрады. Ол жұмыс қай тегештен басталатынын білдіреді. Тегештердің ортасына қақпақтары ашылған сабыны бар және жөкесі бар

сабын салғыштар орналастырылады. Тегештің он жағына ыдыс сұртуге арналған орамал қойылады. Үстел сұртетін шүперек кір жайғышта ілініп тұрады. Шелек еден жуатын шүперекпен үстелдің астында тұрады. Мұғалім лас кіші табақтарды сол жақ тегештің жоғар жағына, щетканы тарелкелердің он жағына қояды. Мұғалім табакты сөреге апарады.

4) «Су әкелейік» (күмғанда су болмаса).

5) Мұғалім тегештерге белгіге дейін су құяды. Күмғанды жөкесі бар сабын салғыштың жоғар жағына қояды.

6) Мұғалім кіші табақты алып, тегештің түбіне салады. Он қолымен жөкені алады да, сол жақтағы тегештегі суға батырады. «Жөкені сұладық, енді сабындеймыз». Мұғалім жөкені сол қолына алмастырып, он қолымен сабынды алып, айналдыра отырып, сабындейды. Сабынды шайқап, орнына салады.

7) Мұғалім жөкені қайта он қолына алмастырып, сол қолымен кіші табақты көтереді де (кіші табақты тегештің түбіне тігінен тұрғызылып үсталады, жоғары көтерілмейді) жиегінен бастап айналдыра сабындалады.

8) Кіші табақ толығымен сабындалғаннан соң, тегештің түбіне жатқызылады да, екінші жағын сабындау үшін, көтереді. Ары қарай, кір мен сабын жуылып, кіші табақ қайта тегеш түбіне жатқызылады. Мұғалім жөкені шайып, сығып, орнына салады.

9) Мұғалім екі қолымен кіші табақты судан шығарып, екінші тегештегі таза суға салады. Кіші табақты шайқайды: сол қолымен үстап, он қолымен суды жан-жағынан құяды.

10) Мұғалім екі қолымен кіші табақты судан шығарып, орамалдың ортасына қояды. Орамалдың бұрыштарын конверт (бесінші майлых сияқты) үқсатып жинап, әр бұрышымен суды сіңіртіп сұртеді.

11) Мұғалім балаға екінші кіші табақты жууға ұсынады (суды ауыстыруға болады).

12) Екінші кіші табақ жуылып болғаннан соң, мұғалім: «Енді жұмыс орнын жинаймыз»-дейді.

13) Мұғалім үстел астынан шелекті шығарады. Шүперекті еденге төсейді.

14) Мұғалім щетканы алып, бірінші тегештегі сабын жұғындысын жуады. Суды шелекке төгеді. Мұғалім екінші тегеште сабын жұғындысы болса, оны да щеткамен жуады да, суды шелекке төгеді.

15) Мұғалім шелекке екі тегешті қояды, үстіне құмғанды, сабын және жөкесалынған сабын салғыштар қойылады. Мұғалім шүперекпен үстелді сұртеді.

16) Мұғалім сабын салғыштардың түбін сұртеді. Құмғанды қырымен жатқызып, түбін, ішін және сыртын сұртеді. Тегешті қырымен тұрғызып, түбін, ішін және сыртын сұртеді. Осылайша екіншісін де сұртеді.

17) Сулы шүперектерді кір жайғышқа апарады. Еден су болса, еден сұрткішпен сұртеді. Қолын орамалмен сұртеді, алжапқышты шешеді.

Қате бақылауы. Төгілген су.

Сөздік: кіші табақ, құмған, сабын, сабын салғыш, жөке, щетка, шелек, тегеш, шүперек, орамал, сабындағық, шайқадық, сұрттік, құрғақ, су, сабынды, лас, таза, ыдыс.

Жаттыгулар: бала басқа ыдыс құралдарын жуады: кесе, касық, кіші және шұңғыл табақтар, шанышқы, пышақ, тақтай.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен ыдыс жуып, жұмыс орнын жинаиды;.
- бала ыдысты жуып, жұмыс орнын мұғалімнің көмегімен орындаиды.

Жас шамасы: 4 – 4,5 жас.

Kір жуу

Құралдар: табақ, алжапқыштар, екі тегеш, құмған, тегеш жуатын щетка, кір майлықтар (бет орамалдар) салынған себет, сабын салынған сабын салғыш, орамал, үстел сұртетін шүперек, еден сұртетін шүперек, шелек.

Максаты. Үйрету – балаға кір жууга үйрету.

Түзете-дамыту – қол қымылының үйлесімдігі мен нақтылығын, қол бұлшықетінің күшін дамыту, әрекеттің тәртібі мен тізбегін сақтауға, үқыптылыққа үйрету.

Алғашқы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған кір жуу әдісін көрсетемін. Алжапқыш киеміз. Жеңімізді түрмеліз». Алғашқы көрсетілімге кішкене дағы бар (дақ тез жуылуы керек. Шаң сұрткен шүперек жарайды) таза шүперек алынады.

2) Мұғалім немесе бала құралдары бар табақты үстелге әкеледі. Мұғалім құралдарды келесі тәртіпте орналастырады:

- екі тегешті үстел шетіне, балаға жақын қояды;
- тегештердің ортасына сабын салынған сабын салғышты, оның жоғар жағына тегеш жуатын щетканы қояды;
- сол жақтағы тегештің артына кір майлықтар салынған себетті қояды;
- сол жақтағы тегеште құмған бар;
- тегештердің он жағында үстел сұртетін шүперек жатыр;
- үстел астында шелек, беті шүперекпен жабылған.

3) «Су әкелейік. Сен құмғанды дұрыс ұстая әдісін ұмытқан жоқсын ба?». Мұғалім құмғанды ұстая әдісін көрсетеді.

4) Мұғалім суды тегешке, белгіге дейін құяды. «Алдымен мен жуа-мын, содан соң сен».

5) Мұғалім майлықты алып, қарайды, кір жерін тауып, балаға көрсетеді: «Шүперек кір».

6) Мұғалім шүперекті сол жақтағы тегешке салады, сулайды, содан соң, сол алақанына кір дағы көрінетіндей етіп, жаяды.

7) Мұғалім сабынды оң қолымен алып, суға батырып алады да, айналдыра отырып, дақ пен жан-жағына жағады.

8) Мұғалім сабынды суға салып, шайқап алып, қайта сабын салғышқа салады.

9) Мұғалім майлышты екі қолымен алып, екі шетін жұдырығына қысып ұстайды, дақ ортасында көрініп тұрады. Шүперекті ысқылай баставайды.

10) Бірнеше рет ысқылағаннан соң, мұғалім шүперекті жазып қарайды, дағы кетті ме жоқ па, кетпеген болса, қайта ысқылайды.

11) Дақ жуылғаннан соң, шүперекті суға малып, сабынын жуады.

12) Мұғалім шүперектің жоғарғы бұрыштарынан алып, «гармошка» ұқсатып жиырып, жинайды. Содан соң, жиырылған шүперекті оң қолына, жұдырығына алып, сыйгады. Сол қолымен оң жұдырығының төмен жағынан жұдырығына қысып сыйгады, содан соң, қайта оң қолымен, осылайша шүперектің бойымен сыйып шығады.

13) Мұғалім шүперекті жазып, қарайды да, балаға көрсетеді: «Таза».

14) Мұғалім шүперекті оң жақтағы тегешке салып, шайқайды. Шүперекті көтермей, түбіне батырады да, сабынын жуады. Аударып, тағы батырады.

15) Мұғалім шүперекті «гармошка» әдісімен сыйгады. Жазып, тағы қарайды: «Иә, таза. Енді жаямыз». Мұғалім шүперекті кір жайғышқа жайып, қыстырығышпен қыстырады.

16) Мұғалім және бала үстелге оралады. Мұғалім балаға екінші майлышты жууды ұсынады: «Енді сен».

17) Бала жуып болғаннан соң, жұмыс орны ыдыс жуу әдісіндегідей тәртіппен жиналады.

18) Қате бакылауы. Төгілген су, шала жуылған дақ.

Сөздік: құмған, сабын, сабын салғыш, щетка, шелек, тегеш, шүперек, қыстырығыш, жудық, сабындақ, шайқадық, сүрттік, жайдық, қыстырдық, құргақ, су, сабынды, кір, таза, кір майлыш.

Жаттығулар: бала басқа да нәрселерді жуады: беторамал, қуыршақ киімдерін.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен кір жуып, жұмыс орнын жинайды;
- бала кірді жууды және жұмыс орнын жинауды мұғалім көмегімен орындаиды.

Жас шамасы: 4 – 4,5 жас.

Үтіктеу

Құралдар: үтіктеуге арналған тақта, үтік қойғышымен, үтік, қыж-мыж майлықтар салынған себет, үтіктелген майлыққа арналған себет. (Үтікті тоққа тек мұғалім қосып, өшіреді).

Максаты. Үйрету – техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, балаға үтіктеуге үйрету.

Түзете-дамыту – қол қымылдының үйлесімдігі мен нақтылығын дамыту, әрекеттің орындалу тәртібі мен тізбегін сақтауға, ұқыптылыққа үйрету.

Алғашкы көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған үтіктеу әдісін көрсетемін». Мұғалім мен бала үстелге майлықтары бар және үтіктелген майлық салатын себеттерді әкеледі.

2) Мұғалім үтікті тоққа қосады. Жарығы жанғанына баланың назарын аударады. Мұғалім балаға үтіктің жарығы сөнгенше күтті ұсынады.

3) Мұғалім үтіктің қызғанын тексеріп көреді. Ол үшін, мұғалім сол қолын арқасына қайырып ұстап, оң қолымен үтікті алып, тақтаның матасының үстімен жүргізеді. Үтікті қойғышқа қойып, оң қолымен матаны сипап көреді. Алақаны мен жылуды сезінеді. Балаға ұстап көруін ұсынады: «Ыстық па?».

4) Мұғалім үтікті орнына қойып, үтікті тоқтан өшіреді.

5) Мұғалім майлықты екі қолымен тақтаға жайып, сол қолын артына жібереді де, он қолымен үтікті алады, майлықты үтіктеайді.

6) Мұғалім майлықты екіге бүктең, тағы, әсіресе бүгілген жерін үтіктеайді.

7) Мұғалім майлықты себетке салады.

8) Мұғалім балаға ұсынады: «Енді сен».

Қате бақылауы. Майлықтағы қыж-мыж.

Сөздік: үтік, үтіктеуге арналған тақта, майлық, үтіккедік, бүктедік, ыстық.

Жаттығулар: бала басқа да нәрселерді үтіктеайді: беторамалдарды, қуыршақ киімдерін, майлықтарды және оларды әртүрлі әдіспен бүктеайді.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен майлықтарды үтіктең, бүктеайді;
- бала майлықтарды үтіктеуді және бүктеуді мұғалімнің көмегімен орындауды.

Жас шамасы: 3,5 - 4 жас.

Жеміс жуу

Құралдар: табақ, алжапқыштар, жемістер (2 алма немесе алмұрт), 2 тегеш, екі фарфорлы табақ, жеміс жууга арналған щетка, жеміс сүртетін ора-мал, үстел сүртетін шүперек, құмған, шелек, еден сүртетін шүперек.

Мақсаты. Үйрету – балаға жеміс жууды үйрету.

Түзете-дамыту - кол кимылдының үйлесімдігі мен нақтылығын дамыту, әрекеттің орындалу тәртібі мен тізбегін сактауға, ұқыптылыққа, зейінін шоғырландыра білуге үйрету.

Алғашқы көрсетілім. «Мен саған жеміс жуу әдісін көрсетемін. Алжапқыш киеміз».

- 1) Мұғалім немесе бала құралдары бар табақты үстелге әкеледі.
 - 2) Мұғалім құралдарды келесі тәртіпте үстелге орналастырады:
 - екі тегешті үстел шетіне, балаға жақын қояды;
 - екі тегештердің ортасына салғышқа салынған жеміс жууға арналған щетканы қояды;
 - сол жақтағы тегешке құмған қояды;
 - тегештердің артына тарелкелерді қояды, сол жақтағы терелкеде жемістер бар;
 - үстел сүртетін шүперек кір жайғышта ілініп тұр;
 - жеміс сүртетін орамал тегештердің оң жағында орналастырылады;
 - үстел астында шелек, бетіне шүперек жабылған;
 - тегеш жууға арналған щетка тарелкелердің оң жағына қойылады.
 - 3) «Су әкелейік. Сенің есінде ме, құмғанды қалай ұстаймыз?».
- Мұғалім құмғанды дұрыс ұстая әдісін көрсетеді.
- 4) Мұғалім суды белгіге дейін құяды. «Алдымен алманы мен жуамын, содан соң сен».
 - 5) Мұғалім баладан қай алманы ұнататынын сұрайды, өзі басқасын алады.
 - 6) Алманы сол жақтағы тегешке салады да, сол қолымен ұстап тұрып, оң қолымен су құяды, жан-жағын түгел сулап шығады.
 - 7) Мұғалім оң қолымен щетканы алып, сол қолымен алманы ұстап тұрып, айналдыра отырып жуады. Әсіресе алманың шұңғыл жерлерін жуады.
 - 8) Мұғалім щетканы суда шайқап, орнына салады.
 - 9) Мұғалім екі қолымен алманы ұстап, екінші таза сусы бар оң жақ тегешке салады.
 - 10) Мұғалім алманы сол қолымен ұстап тұрып, оң қолымен алманың жан-жағына су құйып, шайқайды.
 - 11) Таза алманы тегештен шығарып, сусы ағып кеткенше ұстап тұрады да, орамалдың ортасына қояды.
 - 12) Орамалдың барлық бұрыштарын алмаға бүтіп, сусын орамалға сіндіріп, сүртіп алады.
 - 13) Мұғалім балаға екінші алманы жууға мүмкіндік береді: «Енді сен».

14) Бала жуып болғаннан соң, жұмыс орны ыдыс жуу және кір жуу әдісіндегідей тәртіппен жиналады.

Қате бақылауы. Төгілген су.

Сөздік: құмған, щетка, шелек, тегеш, шүперек, алма, жеміс, кіші табақ, жудық, шайқадық, сұрттік, таза, лас.

Жаттыгулар: балалар бірге жеміс жуады, әрқайсысы бір ғана әрекетті орындаиды (тек қана щеткамен жуады, тек қана шайқайды, тек қана сұртеді), содан соң, кім қандай әрекет орындағанын айтады. Балалар жемісті бірге жуады, біреуі алманы барлығы жеуі үшін, бөліктерге бөліп турайды.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен жемісті жуып, жұмыс орнын жинайды.
- бала жемісті жуып, жұмыс орнын жинауды мұғалімнің көмегімен орындаиды.

Жас шамасы: 3 – 3,5 жас.

Майлыштарды бүктеу

Құралдар. Жайпақ тоқылған себет, 5 бір түсті зығыр матасынан жасалған, көлемі 25 x 25 см майлыштар. Әр майлышта қара жіппен бүктеу сзығы тігілген. Бірінші майлышта тігінен түскен сзық, екіншісінде - тігінен және көлденеңін түскен сзық, үшіншісінде - диагональмен түскен сзық, төртіншісінде – екі диагональмен түскен сзық, бесіншісінің дәл ортасында жұлдызша тігілген. Майлыштар жазулы күйінде, бірінің үстінде бірі аталған тәртіpte жатады.

Мақсаты. Үйрету – балаға матадан тігілген майлыштарды, жан-жақты бағытқа бағдарланған бүктеу сзығына сүйене отырып, әртүрлі әдіспен бүктеуге үйрету.

Түзете-дамыту – қол қимылсының үйлесімдігі мен нақтылығын дамыту, саусақпен жіппен тігілген сзық бойымен жүргізуде «көз бен қол» үйлесімдігін дамыту, әрекеттің орындалу тәртібі мен тізбектілігін сактауға, ұқыптылыққа, зейінін шоғырландыруға үйрету.

Алғашқы көрсетілім.

- 1) «Мен саған майлыштарды бүктеу әдісін көрсетемін».
- 2) Мұғалім немесе бала майлыштары бар себетті үстелге әкеледі. Баланың алдын босату үшін, себетті үстелдің он жақ жоғарғы бұрышына, қояды. Мұғалім баланың он жағына қояды.
- 3) Мұғалім ең бірінші майлышты алғып, үстелдің ортасына қояды. Сүк саусақпен көлденеңін тігілген бүктеу сзығымен, ондан солға қарай жүріп өтеді, содан соң, баяу екі қолымен жоғарғы екі бұрышынан ұстап, оны жоғарыдан төмен қарай екіге бүктейді, ұштарын ұқыпты біріктіреді. Бүктеу сзығын ортасынан шетіне қарай алақанымен сипап өтеді. Мұғалім тағы бір рет сүк саусақымен жүріп өтіп, бүктеу сзығына баланың назарын

аударады. Мұғалім майлықты ұстелдің сол жақ жоғарғы бұрышына жылжытып қояды.

4) Мұғалім екінші майлықты, көлденеңінен және тігінен бүктейтінін алады. Мұғалім алдымен көлденеңінен сзылған сзызықпен саусағымен жүріп өтеді де, бірінші майлықтағыдай бүктейді, содан соң, сағат тілінің бағытымен бұрып қояды, бүктеу сзығы қайта көлденеңінен болатындей. Әрекетті қайталайды. Мұғалім әр кез сайын бүктеу сзығын сипап өтеді. Бүктелген екінші майлықты бірінші майлықтың оң жағына қояды.

5) Мұғалім үшінші майлықты алады. Майлықты бүктеу сзығы көлденеңінен болатындей етіп орналастырады. Майлықтың жоғарғы бұрышынан ұстап, төменгісіне біріктіреді. Бүктеу сзығын ортасынан шетіне қарай алақанымен сипап өтеді. Саусағын сзық бойымен жүргізіп, екінші майлықтың оң жағына орналастырады.

6) Мұғалім төртінші майлықты алады. Үшінші майлық сияқты бүктең, сағат тілінің бағытымен айналдырып қояды. Саусағымен сзық бойымен жүріп өтіп, жоғарыдан төмен тағы екіге бүктейді. Майлықты үшінші майлықтың оң жағына орналастырады.

7) Мұғалім бесінші майлықты алады. Оны конверт қылып бүктеу кепрек. Мұғалім майлықтың ортасында тігілген жұлдызшаға саусағын тигізеді де, майлықтың барлық бұрыштарын осы жұлдызшаға жинайды.

8) Мұғалім майлықты 45 градуска, бұрышын балаға қаратып айналдырады. Оң қолымен жоғарғы бұрышын алып, ортага, белгіге алып келеді. Бүгілген жерін ортасынан шетіне қарай, екі қолымен басып, сипап өтеді.

9) Мұғалім майлықты тағы сағат тілінің бағытында, 45 градуска бұрады. Келесі бұрышын біріншісіндегі бүгеді. Осылайша 4 бұрышын да бүгіп шығады. Бүктелген майлықты төртінші майлықтың оң жағына қояды.

10) Мұғалім майлықтарды бесіншісінен кері қарай жазып, қайта себетке салады.

11) «Енді сен».

Ескерту. Әр майлықты бүктегеннен кейін, балаға бірден қайталауға мүмкіндік беруге болады. Бір-екі ғана майлықтың бүктеулуін үретуге және басқаларын біртіндең енгізуге болады.

Қате бақылауы. Майлықтар бүктелу сзығына сүйенбей бүктелген.

Сөздік: майлық, бүктеу сзығы, бүктедік, жаздық, бұрдық, жоғарыдан төмен, солдан онға, бұрыштарын біріктіру.

Жаттығулар: бала қағаз майлықты бүктейді, гүлді қағаздарды төртбұрыштар бүктейді.

Күтілетін нәтиже:

- бала әртүрлі әдіспен барлық майлықты өз бетімен бүктейді;
- бала майлықты бір ғана әдіспен бүктейді.

Жас шамасы: 3,5- 4 жас.

Бастырма ілгекті ағыту және бекіту

Құралдар. Ағаштан жасалған 30x30 см. жиектеме. Жиектемеге еki бөліктен тұратын, темір бастырма ілгегі бар мата тартылып тігілген.

Мақсаттары. Үйрету мақсаты – бастырма ілгекті ағытуға және бекітуге үйрету. Тұзете – дамыту - саусақтарының икемділігін дамыту, зейінін шоғырландыра білуін, белгілі бір әрекеттің ретілігін ұстануға, өз бетімен жұмыс жасай білуін дамыту.

Көрсетілім.

1) «Мен саған бастырма ілгекті ағыту және бекіту әдісін көрсетемін».

Мұғалім немесе бала ілгегі бар жиектемені үстелге экеліп қояды. Мұғалім баланың оң жағына отырады. Мұғалім жиектемені үстелдің ортасына, үстіңгі қабаты оң жақта орналасатында етіп қояды. «Бұл бастырма ілгек, қазір біз оны ағытамыз»

2) Мұғалім сол жақтағы матаңың бөлігін, жоғарғы ілгек тұсында үш саусақпен бастырып тұрады: сұқ саусақ, ортанышы және аты жок саусақтармен.

3) Мұғалім сұқ саусақ пен ортанышы саусақты жоғарғы ілгектің тұсына қойып, басбармақпен матаңы бүтіп, ілгек ағытылғанша тартады.

4) Мұғалім осы әрекетті екінші ілгекпен де қайталайды.

5) Барлық ілгек ағытылған соң, мұғалім матаңың еki бөлігін еki жаққа ашады. Оң жағын былай ашады: сол қол матаңың жоғарғы бұрышынан, оң қол төменгі бұрышынан ұтайтыды. Сол жақ бөлігінде қолдардың орны ауысады.

6) «Ал енді, бекітеміз». Мұғалім матаңың еki жақ бөлігін сол жағынан бастап жабады. Жоғарғы жақтан бастап бекітеді.

7) Мұғалім оң жақ қолының үш саусағымен (сұқ саусақ, ортанышы және аты жоқ саусақтармен) жоғар жақтағы ілгектің тұсындағы матаңы бүгеді. Сұқ саусақ бастырма ілгектің үстінде жатады.

8) Мұғалім балаға сол қолының сұқ саусағымен бір жақ жартысындағы ілгектің ойығын, екінші жартысындағы ілгектің қазығын көрсетеді.

9) Мұғалім ойығы бар ілшекті қазығы бар ілгектің үстіне қондырып, сұқ саусағымен шырт етіп түскенінше басады.

10) Мұғалім тағы бір ілгекті бекітіп, қалғанын балаға ұсынады.

11) Барлық ілгек бекітілгеннен соң, мұғалім матаңың еki жағынан алақанымен тарқылап тексереді.

Жаттыгулар. Бала басқа қолемді, пластмассадан жасалған ілгекті ағытып, бекітеді. Бала басқа баланың киімінде, содан соң, өз киімінде ілгекті ағытып, бекітеді.

Қате бақылауы. Бекітілген ілгектің көрініп тұруы.

Сөздік: ілгек, қазық, шырт, ағыттық, бекіттік.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен ілгекті ағытып, бекітеді.

Жас шамасы: 2,5 - 3 жас.

«Жабысқыш» ілгекті ашу және жапсыру

Құралдар. Ағаш жиектеме, көлемі 30x30 см. Жиектемеге екі бөліктен тұратын, ортасында «жабысқыш» ілгегі бар мата тартылған.

Мақсаттары. Үйрету мақсаты – балаға «жабысқаш» ілгекті пайдалануға үйрету. Түзете-дамыту – қолының ептілігін дамыту, зейінін шоғырландыра білуін, белгілі бір әрекеттің ретілігін үстануға, өз бетімен жұмыс жасай білуін дамыту.

Көрсетілім.

1) «Мен саған «жабысқыш» ілгекті қолдану әдісін көрсетемін».

2) Мұғалім немес бала жиектемені үстелге экеліп қояды. Мұғалім баланың оң жағына отырады. Мұғалім жиектемені үстелдің ортасына, беткі қабаты оң жақта болатындей етіп орналастарды. «Манау жабысқыш ілгек, қазыр біз оны ашамыз».

3) Мұғалім сол жақ матаны сол қолының үш саусағымен (сұқ, органды және аты жок) жоғарғы жабысқыш ілгектің тұсынан басып ұстап тұрады.

4) Мұғалім оң қолының сұқ және органды сасуғын жоғарғы жабысқыш ілгектің үстіне қойып, басбармақпен матаны қайыра ұстап, жабысқыш ажырағанша тартады.

5) Мұғалім осы әрекетті екінші ілгекпен де қайталайды да, келесісін балаға ұсынады.

6) Барлық жабысқыш ілгек ашылғаннан соң, мұғалім матаның екі жағын ашады: «Аштық». Оң жағын мына әдіспен ашады: сол қолы матаның жоғарғы бұрышынан, оң қолы төменгі бұрышынан ұстайды. Сол жақ бөлігінде қолдар аудысады.

7) «Ал енді жапсырамыз». Мұғалім матаның екі бөлігін жабады, сол жағынан бастайды. Содан соң, оң қолымен оң жақ матаның шетін, жабысқыш ілгектер орналасқан жерлерді, жабысқанша басып өтеді. «Жабыстырдық».

8) Мұғалім тексереді, алақанымен матаны екі жаққа қарай тартқылайды.

Жаттығулар. Бала жабысқыш ілгегі бар киімдерді басқа балаларда жапсырады, кецин өзінікін жапстырады.

Қате бақылауы. Көрнекі – ашылып қалған жабысқыш.

Сөздік: жабысқыш-ілгек, аштық, жабыстырдық.

Күтілетін нәтиже:

- бала өзімен жабысқыш ілгекті ашып, жапсырады.

Жас шамасы: 2,5 - 3 жас.

Түймені ағыту жіне түймеледеу

Құралдар. Ағашты жиектеме 30x30 см. жиектемеге екі бөлікті мата тартылған. Бір жартысында тігінен орналасқан бес ілгек. Екінші жартысында көлемі екі сантиметрді құратын бес түйме. Түймелер матада жаксы көрініп тұрады. Түйме жиегі қайқыланып, жұмыс барысында баланың қолы сырғымау үшін.

Мақсаттары. Үйрету мақсаты – балаға түймені ағытуға және түймеледеуге үйрету.

Түзете-дамыту – саусақтарының икемділігін дамыту, зейінін шоғырландыра білуін, белгілі бір әрекеттің ретілігін ұстануға, өз бетімен жұмыс жасай білуін дамыту.

Көрсетілім.

1) «Мен саған түймені ағытуды және түймеледеуді көрсетемін». Мұғалім немесе бала ілгегі бар жиектемені үстелге әкеліп қояды. Мұғалім баланың оң жағына отырады. Мұғалім жиектемені үстелдің ортасына, ілгегі бар жағы оң жақта орналасатындей етіп қояды. «Қазір біз түймені ағытамыз».

2) Мұғалім түймені жогарыдан төмен қарай жылжи отырып, ағытады. Оң қолының екі саусағымен (сұқ сасуақ пен ортағы) жоғарғы түйменің оң жағын көтереді. Үстінен басбармақпен демеп ұстап тұрады.

3) Сол қолының екі саусағымен (сұқ сасуақ пен ортағы) ілгек тұсынан, басбармақты үстінен қойып, матаңың бұрышын көтереді.

4) Екі қолымен бірдей, түйме мен матаңы екі жаққа қарай тартады. Илгек ашыла түседі.

5) Мұғалім түймені ілгекке қарай бағыттап, кіргізеді.

6) Мұғалім қолын алады. Оң қолымен (сол саусақтырымен) матаңы ұстайды да, бүгіп, сол қолының сұқ саусағымен ілгектен шеті шығып тұрған түймені көрсетеді.

7) Сол қолының үш саусағымен (сұқ сасуақ, ортағы және басбармақпен) мұғалім түйменің шетінен ұстап, ілгектен түймені тартып шығарады.

8) Мұғалім ілгегі бар матаңы бүгіп, түйменің ағытылғанын көрсетеді.

9) Осылайша, мұғалім тағы екі түймені ағытады. Қалған түймені ағытуды балаға ұсынады.

10) Барлық түйме ағытылып болғаннан соң, мұғалім балаға: «Ағыттық» - дейді. Мұғалім матаңың екі бөлігін екі жаққа қарай ашады. Оң жағын былай ашады: сол қол матаңың жоғарғы бұрышынан, оң қол төменгі бұрышынан ұстайды. Сол жақ бөлігінде колдардың орны ауысады.

11) «Енді түймелейміз». Мұғалім матаңың бөліктерін сол жағынан бастап жабады.

12) Оң қолының үш саусағымен мұғалім жоғарғы ілгектің тұсындағы матаны ұстайды. Сұқ саусақ пен ортаңғы саусақты матаның үстінде, ал басбармақ матаның ішкі жағында орналасып, матаны бүгеді.

13) Сол жақ қолының үш саусағымен түймені ұстайды. Сұқ саусақ пен ортаңғы саусақты түйменің асытына жіберіп, басбармақты үстіне қояды. Түймені жартылай ілгекке кіргізеді. Мата мен түймені босатады.

14) Мұғалім қолдарын ауыстырады. Оң қолымен ілгектен шығып түрган түймені алады, ал сол қолымен ілгек тұсындағы матаны алады. Сол баяғы саусақтар жұмыс істейді. Екі қолы бірдей түіме мен матаны екі жаққа қарай тартып, түймені ілгекке кіргізеді. «Түймеледік».

15) Мұғалім осылайша бір немесе екі түймені түймелейді. Содан соң, балаға ұсынады.

16) Барлық түйме түймеленгеннен соң, мұғалі тексереді: алақанын матаның екі жартысына қойып, екі жаққа тартқылайды. Егер де, қандай да бір түйме түймеленбей қалса, ол көрініп тұрады. Егер де, дұрыс түймеленбесе, ол ағытылып кетеді.

Жаттығулар. Көлемі мен пішіні басқа түймелерді түймелеу. Көлдененінен орналасқан түймелерді ағыту және түймелеу, аспалы түймелерді түймелеу. Баска баланың, кейін өзінің киімін түймелеу.

Қате бақылауы. Түймеленбegen түйме .

Сөздік: түйме, ілгек, ағыттық, түймеледік.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен түймені ағытып, бекітеді.

Жас шамасы: 3,5 жас.

Сыдырма ілгекті ағыту және бекіту

Құралдар. Ағаш жиектеме 30x30 см. Жиектемеге екі жарты бөліктен тұратын мата тартылған, ортасында темір сыдырмасы бар.

Мақсаты.Үйрету мақсаты-сыдырма ілгекті ағытуға және бекітуге үйрету. Түзете-дамыту – екі қолдың қимылының үйлесімдігін, зейінінің шоғырлануын, ұқыптылығын, өз бетімен жұмыс жасай білуін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) «Мен саған сыдырма ілгекті ағытуды және бекітуді көрсетеңін».

Мұғалім немесе бала сыдырма ілгегі бар жиектемені үстелге әкеліп қояды. Мұғалім баланың оң жағына отырады. Мұғалім жиектемені үстелдің ортасына, сыдырма ілгегі жоғарыда болуы керек. «Қазір біз сыдырманы ағытамыз».

2) Мұғалім сол алақанын сол жақтағы матаның жоғарғы жағына қояды, оң қолымен сыдырманың тілінен ұстап, төмен қарай жылжытады. Сол жақ алақаны матаны баса отырып, сыдырмаға ілесе, төмен қарай жылжиды.

3) Соңына келгенде, мұғалім сыйдырманың тілін босатады. Оң қолының сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын сыйдырманың астына жібереді, ал басбармақты сыйдырманың үстіне қойып, қысып ұстайды.

4) Мұғалім сол қолының сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын сыйдырманың сол жақ жартысының астына сұғады. Басбармақты сол жақтағы, сыйдырма тұсындағы матаның үстіне қойып, қысып ұстайды.

5) Екі қолдың қымылын бірдей қозғап (оң қолмен төмен, сол қолмен жоғары), сыйдырмадан сол жақта орналасқан темірін сурып алады.

6) Мұғалім матаны екіге жарып ашады: сол қол жоғарғы бұрышынан ұстайды, оң қол төменгі бұрышынан ұстайд. Матаның сол жағын ұстағанда, қолдар ауысады.

7) «Ағыттық».

8) Мұғалім: «Ал енді, бекітеміз».

9) Мұғалім маталардың екі жағынада жабады. Оң қолының сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын сыйдырманың астына жібереді, ал басбармақты сыйдырманың үстіне қойып, қысып ұстайды.

10) Мұғалім сол қолының сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын сыйдырманың сол жақ жартысының астына сұғады. Басбармақты сол жақтағы, сыйдырма тұсындағы матаның үстіне қойып, қысып ұстайды.

11) Мұғалім сол жақ бөлігіндегі темірді сыйдырмаға кигізеді. Сол қолымен сыйдырманың екі бөлігінде ұстап тұрып, оң қолымен (басбармақ пен сұқ саусақ) сыйдырма тілшігін жоғары қарай тартып жылжытады, толық бекігенше тартады.

12) «Бекіттік».

13) «Тексереміз». Мұғалім екі алақанын екі жақ мата бөліктеріне қойып, екі жаққа қарай тартқылайды.

Жаттығулар. Бала пластмассадан жасалған сыйдырманы ығытып-бекітеді. Бала басқа баланың киімінде сыйдырманы ағытып-бекітеді. Бала өз киімінде сыйдырманы ағытып-бекітеді сыйдырманы ағытып-бекітеді.

Қате бақылауы. Қорнекі

Сөздік: сыйдырма, ілгек, тілшік, ағыттық, бекіттік.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен сыйдырма ілгекті ағытып-бекітеді.

Жас шамасы: 2,5 - 3 жас.

Белдікті ағыту және бекіту

Құралдар. Ағаштан жасалған 30x30 см. жиектеме. Жиектемеге екі бөліктен тұратын, ортасында белдіктері бар мата тартылған.

Мақсаттары. Үйрету мақсаты- балаға белдікті ағытып-бекітуге үйрету.

Түзете-дамыту – екі қолдың үйлесімдігін дамыту, зейінін шоғырландыра білуін, белгілі бір әрекеттің ретілігін ұстануға, өз бетімен жұмыс жасай білуін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) «Мен саған белдікті ағыту және бекіту әдісін көрсетемін». Мұғалім немесе бала ілгегі бар жиектемені үстелге әкеліп қояды. Мұғалім баланың оң жағына отырады. Мұғалім жиектемені үстелдің ортасына, белдіктің ұшы балаға қарап тұратындағы етіп қояды.

2) «Қазір белдікті ағытамыз». Мұғалім оң қолының екі саусағымен (сүқ саусағымен және басбармақпен) жоғарыдағы белдіктің ілгегінің шетінен ұстайды.

3) Мұғалім сол қолының екі саусағымен жоғарғы белдіктің ұшынан ұстап, оны ілгекке оң жаққа итеріп, арқаға ұқсас, «қақпа» пайда болатындағы етіп жылжытады.

4) Мұғалім осы әрекетті екінші белдікпен де орындаиды. Содан соң балаға қалғандырамен де осылай істейін ұсынады.

5) Мұғалім сол қолының басбармақ пен сүқ саусағымен ілгектен ұстап, оң қолының басбармақ пен сүқ саусағымен арқадан ұстап, белдіктің шетін ілшектен шығарып алады.

6) Мұғалім екінші белдікпен де осылай істейді де, қалғанын балаға ұсынады.

7) Мұғалім жоғарғы белдіктің ұшын екі саусакпен (басбармақ пен сүқ саусак) тесігінен тілшігі шығып кеткенінше тартады. Сол кезде барып белдікті жібереді. Сол қол бұл кезеді белдіктің тұсындағы, сол жақ матаны ұстап тұрады.

8) Мұғалім келесі белдікті ағытады да, келесілерін балаға ұсынады.

9) Мұғалім сол қолының басбармағы мен сүқ саусағымен тілшіктен ұстап тұрып, оң қолының басбармағы мен сүқ саусағымен белдіктің ұшынан емес, өзінен ұстап, ілгектен шығарып алады. Белдіктің ұшын ілгектің үстінен қояды.

10) Мұғалім екінші белдікпен де, осы әрекеттерді орындаиды да, келесілерін балаға ұсынады.

11) Мұғалім жиектеменің екі бөлігінде ашады: «Барлық белдіктерді ағыттық».

12) «Ал енді бекітеміз»

13) Мұғалім барлық ілгектерді жиектеменің оң жақ жартысының астынан шығарып қояды. Оң қолының сүқ саусағы мен басбармақпен белдіктің ұшын ұстап, оң қолының басбармағы мен сүқ саусағымен ілгектің шетінен ұстап, белдікті ілгекке кіргізеді.

14) Мұғалім екінші белдікпен де, осы әрекеттерді орындаиды да, келесілерін балаға ұсынады.

15) Мұғалім оң қолының басбармағы мен сүқ саусағымен белдіктің ұшын ұстап, оны оң жаққа қарай иіп, тартады. Сол қолының сүқ саусағымен тілшікті тесікке кіргізеді де, ұстап тұрады.

16) Мұғалім белдіктің ұшын сол жаққа қайтарып, қарайды тілшік тесіктен шықты ма, жок па. Мұғалім қолын босатып, балаға тілшіктің ұшын көрсетеді.

17) Мұғалім екінші белдікпен де, осы әрекеттерді орындаиды да, келесілерін балаға ұсынады.

18) Мұғалім он қолының екі саусағымен жоғарғы белдіктің ұшынан ұстап, сол қолының сұқ саусағымен ілгекті ұстайды да, «қақпа» пайда болатындағы етіп белдікті кіргізеді.

19) Мұғалім екінші белдікпен де, осы әрекеттерді орындаиды да, келесілерін балаға ұсынады.

20) Мұғалім «қақпаны» он қолының сұқ саусағымен басады, ал сол қолының екі саусағымен белдіктің ұшын тартады.

21) Мұғалім екінші белдікпен де, осы әрекеттерді орындаиды да, келесілерін балаға ұсынады.

22) «Бекіттік».

23) Мұғалім матаны екі жағына қарай тартқыладап, тексереді.

Жаттығулар. Бала басқа белдіктерді ағытып-бекітеді, мысалы, сағат белдіктерін, сомкедегі белдіктерді, қосымша ілгегі бар белдіктерді т.с.с. Бала басқа баланың киімінде немесе ақ киімінде белдікті ағытып-бекітеді. Бала өз киімінде немесе ачқ киімінде ағытып-бекітеді.

Қате бақылауы. көрнекі.

Сөздік: белдік, тілшік, ілгек, кіргіземіз, шығарамыз, ағыттық, бекіттік.

Күтілетін нәтиже:

- бала мұғалімнің кезең-кезеңмен көрсеткен көмегі бойынша, белдіктерді ағытып-бекітеді;

- бала өз бетімен белдікті ағытып-бекітеді.

Жас шамасы: 3- 3,5 жас.

Бант шешу және байлау

Құралдар. Ағаштан жасалған 30x30 см. жиектеме. Жиектемеге екі бөліктен тұратын, ортасы банттармен біріккен матта тартылған. Банттың біреуі - ақ, екіншісі - қызыл.

Мақсаттары. Үйрету мақсаты- балага банны шешіп, байлауға үйрету.

Түзете-дамыту - екі қолдың үйлесімдігін дамыту, зейінін шоғырландыра білуін, белгілі бір әрекеттің ретілігін ұстануға, өз бетімен жұмыс жасай білуін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) «Мен саған банттарды шешу және байлау әдісін көрсетемін».

Мұғалім немесе бала банттары бар жиектемені үстелге әкеліп қояды. Мұғалім баланың он жағына отырады. Мұғалім жиектемені үстелдің ортасына, қызыл банттар он жақта болатындағы етіп орналастырады.

2) «Банттарды шешеміз. Жоғарғы банттан бастаймыз». Мұғалім қызыл банттың ұшынан оң қолының сұқ саусақ және басбармағымен ұстайды. Ал ақ банттың ұшын сол қолының сұқ саусақ және басбармағымен ұстайды. Мұғалім банттардың ұштарын екі жаққа қарай шешілгенше тартады. Ленталарды көлденеңінен жатқызады.

3) Мұғалім тағы біреуін шешеді. Келесісін балаға ұсынады.

4) Мұғалім сол қолының сұқ және ортаңғы саусактарымен матаның екі бөлігін түйіннің астынан (сұқ саусақ оң жақ бөлігін, ортаңғы саусақ сол жақ бөлігін) ұстайды, оң жақ қолының сұқ саусағын түйіннің астына жіберіп, жоғары қарай түйінді шешілгенше тартады.

5) Мұғалім ленталарды түзейді: оң қолының сұқ саусағымен қызыл лентаның матасын басып тұрады, сол қолымен лентаны жазып, сол жаққа жатқызады. Сол қолының сұқ саусағымен ақ лентаның матасын басып тұрып, оң қолының ұш саусағымен лентаны жазып, оң жаққа жатқызады.

6) Мұғалім осылайша тағы бір бантпен әркетті орындаиды да, келесісін балаға ұсынады.

7) Барлық банттар шешілгеннен соң, матаның екі бөлігі екі жаққа ашылады: «Шештік».

8) «Ал енді байлаймыз»

9) Мұғалім оң қолының екі саусағымен қызыл лентаның ұшынан ұстап, оң жаққа жатқызады, осы кезде сол қолымен матаның екі бөлігінде басып ұстап тұрады. Мұғалім баланың назарын екі лентаның ұшына аударады: қызыл лента ақтың төмен жағында орналасқан.

10) Мұғалім сол қолының екі саусағымен ақ лентаның ұшынан ұстайды, осы кезде оң колы маталарды басып тұрады. Мұғалім лентаны сол жаққа көлденеңінен жатқызады.

11) Мұғалім осылайша тағы бір бантпен әркетті орындаиды да, келесісін балаға ұсынады.

12) «Енді түйіншектейміз. Жоғарғы банттан бастаймыз».

13) Мұғалім екі жақ матаны оң қолының сұқ және ортаңғы саусактарымен сұтап тұрады.

14) Мұғалім сол қолының басбармағы және сұқ саусағын түйістіріп, сақина жасап, түйіннің астына қойып, қолын сәл көтереді. «Қақапа» тәріздес ойық пайда болады.

15) Мұғалім оң қолымен қызыл лентаны алып, қакпадан өзіне қарай өткізеді. Ленталарды босатады. Мұғалім лентаның ұшытарынан ұстап (оң қолымен қызыл лентаны, сол қолымен ақ лентаны), екі жаққа қарай, қарама-қарсы түйін жасап тартады. Ленталарды көлденеңінен жатқызады.

16) Мұғалім осылайша тағы бір бантпен әркетті орындаиды да, келесісін балаға ұсынады.

17) «Енді банттарды байлаймыз».

18) Мұғалім сол қолының үш саусағымен жиектеменің шетінде жатқан ақ лентаны ұшынан ұстайды. Ал оң қолының екі саусағымен (ортанғы және басбармак) түйін мен сол қолының ортасынан алады.

19) Мұғалім оң қолымен сұтап тұрған лентаны көтереді, сол қолына қысқан лентаның ұшын түйінге қарай жылжытады, пайда болған ілгекті сол қолымен ұстап, оң қолын босатады.

20) Мұғалім қызыл лентаның ұшын оң қолымен жиетеменің шетінен алып, ақ банттан жасалған ілгекті сағат тілінің бағытымен орап, сұқ саусағымен қызы лентаны ілгек болатындей етіп, пайда болған сақинадан өзіне қарай өткізеді.

21) Мұғалім сол қолын босатады. Сол қолының сұқ саусағымен шығып тұрған, қызыл лентадан болған ілгекті көрсетеді.

22) Мұғалім сол қолымен қызыл лентаны, оң қолымен ақ лентаны ұстап, бант байлап, екі жаққа, қарама-карсы тартады. Банттарды жазып, көлденеі жатқызды.

23) Мұғалім осылайша тағы бір бантпен әркетті орындауды да, келесісін балаға ұсынады.

24) Барлық бант байланып болғанна соң, тексеріледі. Мұғалім матаның екі жағынан алақанымен басып тартқылайды.

Жаттығулар. Бала әртүрлі ленталардан бант байлайды, баулармен де. Бала алжапқыштың бауын, куыршактардың банттарын, киімде, аяқ киімде бант байлайды.

Қате бақылауы. Көрнекі.

Сөздік: лента, бант, түйін, байладық, шештік, тартық.

Күтілетін нәтиже:

- бала мұғалімнің кезең-кезеңмен көрсетілген көмегі арқылы бантты байлайды;
- бала өз бетімен бантты шешіп, байлайды.

Жас шамасы: 4,5 - 5 жас.

Фастекс ілгегін ағыту және бекіту

Құралдар. Ағаш жиектеме, көлемі 30x30 см. Жиектемеге екі бөліктен тұратын, ортасында фастекс ілгегі бар матта тартылған.

Мақсаттары. Үйрету мақсаты – балаға фастекс ілгегін пайдалануды үйрету. Түзете-дамыту – қолының ептілігін дамыту, зейінін шоғырландыра білуін, белгілі бір әрекеттің ретілігін ұстануға, өз бетімен жұмыс жасай білуін дамыту.

Көрсетілім.

1) «Мен саған ілгекті пайдалану әдісін көрсетемін». Мұғалім немес бала жиектемені үстелге әкеліп қояды. Мұғалім баланың оң жағына отырады. Мұғалім жиектемені үстелдің ортасына, ілгектің тоғасы оң жақта болатындей етіп орналастарды. «Мынау ілтек, қазір біз оны ағытамыз».

2) Мұғалім оң қолының сүк саусағы және басбармағымен ілгектің жоғарғы және төмен жағынадағы құлақшаларын бір мезетте басады, сол қолымен тоғадан босаған сол жақ ілгекті шығарып алады.

3) Мұғалім екінші ілгекпен осы әрекетті қatalайды да, келесісін балаға ұсынады.

4) Барлық ілгек ағытылғаннан соң, маталардың екі бөлігі ашылады. «Ағыттық». Оң жағын мына әдіспен ашады: сол қолы матаның жоғарғы бұрышынан, оң қолы төменгі бұрышынан ұстайды. Сол жақ бөлігінде қолдар ауысады.

5) «Ал енді, бекітеміз». Мұғалім матаның бөліктерін сол жағынан бастап жабамыз.

6) «Жоғар жақтан бастаймыз». Мұғалім оң қолымен тоғаны ұстайды. Сол қолымен ілгектің сол жақ бөлігін тоғаға ұрай, тоғаны ілгекке қарай, қарама-қарсы шырт еткенше бағыттайтын. «Бекіттік».

7) Мұғалім екінші ілгекпен осы әрекетті қatalайды да, келесісін балаға ұсынады.

8) Барлық ілгек бекітілгеннен соң, мұғалім тексереді, матаның екі жағына алақының қойып, тартқылайды.

Жаттығулар. Бала ілгекті басқа балалардың киімдерінде, кейін өз киімдерінде және сөмкесінде бекітеді.

Қате бақылауы. Көрнекі – бекітілген ілгек.

Сөздік: құлақшалары, ілгек, салдық, бастық, ағыттық, бекіттік.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен фастекс ілгегін ағытып-бекітеді.

Жас шамасы: 3,5 - 4 жас.

Бау шешу және өткізіп байлау

Құралдар. Ағаштан жасалған 30x30 см. жиектеме. Жиектемеге екі бөліктен тұратын, ортасына бау өткізіліп байланған мата тартылған. Бау байлау балаға бант байлап үйренгеннен кейін ұсынылады.

Максаттары. Үйрету максаты- балаға бауды шешіп және өткізіп байлауға үйрету.

Түзете-дамыту - екі қолдың үйлесімдігін дамыту, зейінін шоғырландыра білуін, белгілі бір әрекеттің ретілігін ұстануға, өз бетімен жұмыс жасай білуін дамыту.

Алғашқы көрсетілім.

1) «Мен саған бауды шешу және өткізіп байлау әдісін көрсетемін». Мұғалім немесе бала банттары бар жиектемені үстелге әкеліп қояды. Мұғалім баланың оң жағына отырады. Мұғалім жиектемені үстелдің ортасына, бантты төмен жақта болатындағы етіп орналастырады.

2) «Мынау бау, қазір біз бауды шешеміз. Сен бант шешу білесің бе, шеше гой».

- 3) Мұғалім баулардың ұшын тігіс тетігінің жалғасы іспеттес, түзу жатқызады.
- 4) Мұғалім сол қолымен сол жақтағы бауды тесіктен шығарып, тігіс тетегінің жалғасы іспеттес кояды. Оң қолымен матаның екі бөлігін де ұстап тұрады.
- 5) Мұғалім баудың оң жағын тесіктен шығарып, тігіс тетігін жағастыра орналастарды.
- 6) Мұғалім тағы 2-3 тесіктен бауды шығарып келесін балаға ұсынады.
- 7) Соңғы екі тетік калғанда, мұғалім жиектеменің жоғар жағындағы баудың ортасынан екі саусағымен, оң қолының сұқ және басбарақпен ұстап, жоғары тартады. Баудың екі жағы тетіктен шығып кеткенше.
- 8) Мұғалім бауды екіге бүктеп, ұштарын түзейді. Бауды жиектеменің жоғар жағына қояды, бүгілген жағы оң жаққа, ұштары сол жаққа карайды.
- 9) Мұғалім жиектеменің екі бөлігін ашады: «Бауды шештік».
- 10) Мұғалім жиектеменің бөліктерін жабады: «Енді бауды өткіземіз».
- 11) Мұғалім бауды алып, матаның біріккен жеріне, ұшын төмен қараташп жатқызады.
- 12) Мұғалім сол жақ баудың ұшын оң қолымен алышп, оң қолының сұқ саусағымен жоғардағы тесікті көрсетеді де, бауды матаның ішкі жағынан сол тесікке кіргізеді.
- 13) Мұғалім екі жақ матаны оң қолымен басып тұрып, сол қолымен баудың ұшынан тартады.
- 14) Мұғалім оң жақ баудың ұшынан сол қолымен алышп, оң қолымен жоғар жақтағы тесікті көрсетеді де, матаның ішкі жағынан сол тесікке бауды кіргізеді.
- 15) Мұғалім матаның жоғар жағынан екі жартысында сол қолымен басып тұрып, оң қолымен баудың екі ұшынан да ұстап, соңына дейін тартады. Баулардың ұшын түゼп, диагональ бойымен жиектемелердің төменгі бұрыштарына жатқызады.
- 16) Мұғалім сол қолымен баудың сол жақ ұшын алышп, оң қолымен жоғарыдағы оң жақ бөліктегі екінші тесікті көрсетеді.
- 17) Мұғалім оң қолымен оң жақ матаның шетін сәл көтеріп, бауды тесікке ішкі жағынан кіргізеді. Сыртқа шыққан баудың ұшына назар аудартады.
- 18) Мұғалім қолын ауыстырады: оң колы бауды тартады, сол колы матаны ұстап тұрады. Бауды жатқан бауга қарма-қарсы орналастырады.
- 19) Мұғалім әрекетті оң жақ баумен қайталайды, сол жақ матаның тесігіне өткізіп, сол жақ жиектеменің төменгі бұрышына жатқызады.
- 20) Мұғалім 2-3 тесікке өткізіп, келесілерін балаға ұсынады.
- 21) Бала бауды өткізіп болғаннан соң, мұғалім бант байлауды ұсынады.

22) Мұғалім тексеріс жүргізеді, екі алақанымен матаны тартқылап көреді.

23) «Бауды өткізіп байладық».

Жаттығулар. Бала басқа балаларға бәтенкелерін байлауға көмектеседі. Бала өзінің бауын байлайды, киімінде бау өткізіп байлайды.

Қате бақылауы. Қөрнекі.

Сөздік: бау, тесік, өткіздік, шештік, кіркіздік, тарттық.

Күтілетін нәтиже:

- бала тек шешеді;

- бала шешуді және өткізіп байлауды мұғалімнің кезең-кезеңімен көрсеткен көмегі арқылы орындайды;

- бал өз бетімен шешіп және өткізіп байлайды.

Жас шамасы: 4,5 - 5 жас.

Аяқ-киім тазалау

Құралдар: клеенка, 2 қағазды майлыш, екі алжапқыш, балаға және мұғалімге, лас аяқ-киім сынары, қылыштық щетка, кремге арналған қылыш жұмсақ щетка, аяқ-киімге жылтыр беретін жөке, кремі бар ыдыс. Құралдар табакта, клеенканың үстінде жатады.

Мақсаты. Үйрету – арнайы құралдарды қолдана отырып, аяқ-киімді тазалауға үйрету; мәдениет қағидаларын менгерту. Түзете-дамыту – қол ұсақ қимылдарын дамыту, қол қимылшының үйлесімдігін, зейінінің шоғырлануын, әрекеттің тізбекті реттілігін сактауын, өз бетімен жұмыс жасауын дамыту.

Ескеरту.

1) Көрсетілім еденде клеенканың үстінде, кілемшеде отырып жасалады.

2) Бәтенкелер шынайы, өлшемі 28-30 болуы керек.

3) Клеенканы сұртетін майлыш соңында қоқысқа тасталады.

4) Алғашқы көрсетілімге таза бәтенке алынады, кейін балалар өз аяқ-киімдерін тазалайды. Ол аяқ-киімді алдын ала жуылады немесе ылғалды шүперекпен сұртіледі.

Көрсетілім.

1) Мұғалім: «Мен саған аяқ-киімді тазалау әдісін көрсетемін. Ол үшін алжапқыш киу керек». Мұғалім мен бала алжапқыш киеді.

2) Мұғалім балаға кілемшені еденге жайып, табақты алып келуін сұрайды (немесе өзі әкеледі).

3) Мұғалім мен бала тізерлеп, кілемге отырады (мұғалім баланың он жағында, табак құралдарымен мұғалімнің он жағында орналасады).

4) Мұғалім клеенканы кілемнің ұзындық бойына жаяды. Клеенканың үстінен құралдарды: сол жақ жоғарғы бұрышынан солдан онға қарай орнала-

стырады. Алдымен ласты тазалау щеткасын, содан соң кремі бар ыдысты, кремді жақпалайтын щетканы, жылтырататын жөкені, ласқа төсөлетін және клеенканы сүртетін майлыш қойылады. Бәтеңкесімен табақ кленканың оң жағына орналасады.

5) Мұғалім өзінің алдына салфетканы жайып, оның үстіне бәтеңкенің біреуін қояды. «Қазір біз бәтеңкені тазалаймыз».

6) Мұғалім бәтеңкенің бауын ішіне салып қояды. Сол қолын бәтеңкенің ішіне ары-бері аналдыруға болатындей етіп, сұгады.

7) «Алдымен балшығын тазалаймыз». Мұғалім бәтеңкені майлышқа тұмсығымен қояды да, табанын бала жаққа қарай бұрады. Ласты тазалайтын щетканы алып, жоғарыдан төмен қарай бағытта алдымен бәтеңкенің екі жағын, содан соң, табанының жиектерін, кейін табаны мен өкшесін тазалайды.

8) Мұғалім щетканы орнына қояды.

9) Мұғалім бәтеңкені қойып, былғанған соң майлышты № 5 майлышқа сияқты конверт жасап бүктейді де, балаға беріп, қоқысқа таstadtы.

10) Мұғалім кремі бар ыдыстың қақпағын ашып, жұмсақ қылды щеткага жағып алады да, сол қолын бәтеңкеге сұғып, айналдыра жағып шығады, табанына тигізбейді. «Кремді жақтық».

11) Бәтеңкенің табаны жоғары көтерілмеу керек, толығымен жерде түрү керек. Кремді тұмсығынан бастап, екі жағына қарай жағады, содан соң, арт жағына жағылады. Мұғалім бәтеңкені шетке қойып: «Крем сіңсін» - дейді.

12) Мұғалім кремнің қақпағын жабады.

13) Мұғалім жөкені алып, жылтыратады. Тұзу бағытты қымылдармен тұмсығынан бастап, екі жағына қарай жағады, содан соң, арт жағына қарай ары-бері үйкелеп, жылтыратады.

14) Мұғалім баладын: «Жылтырады ма?» - деп сұрайды, бәтеңкенің екінші сыңарымен салыстырады.

15) Мұғалім бәтеңкені табаққа қойып, салфеткамен клеенканы сүртеді де, баладан апарып тастануын сұрайды.

16) Мұғалім «Енді сен» - деп екінші сыңарын балаға тазалауға мұмкіндік береді.

17) Екінші бәтеңкесі тазаланғаннан соң, екі бәтеңкесі салыстырылады.

Қате бақылауы. Баланың тазалаған бәтеңкесі мен мұғалімдікі жылтырауды жағынан айырықшаланады.

Сөздік: бәтеңке, бау, табан, щетка, жөке, кремі бар ыдыс, тазалау, үйкелеу, жылтырату, балшық, клеенка.

Жаттығу. Мұғалім құралдардың атауларын үйрету мақсатында, үш салтылы сабакты алдымен түсінігінде, содан соң, ауызша сөздігінде дамытады. Балалар өз аяқ-киімдерін тазалайды. Егер, аяқ-киім қатты лас болса,

оны алдымен ылғалды шүперекпен тазалап сұртіп, содан соң балаға ары қарай тазалауга ұсыну керек.

Күтілетін нәтиже:

- бала өз бетімен аяқ-киімін тазалайды;
- бала аяқ-киімді тазалауды мұғалімнің бағыттауымен, көмекпен орындаиды.

Жас шамасы: 4-4,5 жас.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заттық дамыту ортасының мектепке дейінгі балалармен түзетедамыту жұмысын жүргізуға маңызы өте зор. Соңғы кездерде дефектолог мамандарының басым көпшілігінің М.Монтессори педагогикасына деген қызығушылықтары артуда. Көптеген психолого-педагогикалық түзету, оналту орталықтары, арнайы балабақшалар және мектептер бірегей классикалық Монтессори-құралдармен жабдықталуда. Аталған педагогикалық жүйенің өзіндік философиясы, методологиясы және әдісі бар. Диадактикалық құралдарды тиімді қолдану үшін, автордың арнайы даярланған заттық ортада атқарылатын жұмыс алгоритимін ұстанған жөн.

Әдістемелік нұсқаулық құнделікті өмір жаттығулары бұрышындағы дидактикалық құралдармен жұмыс әдістері жазылып, педагог-дефектологқа баламен жұмысы барысында сүйенетін құнделікті қажетті кітап ретінде ұсынылды.

Әдістемедегі құнделікті өмір жаттығулары, білім алуында ерекше қажеттіліктері бар балалардың мүмкіншіліктері есерліп отырылып жазылды. Кейбір құралдармен жасалатын жаттығулар алгоритімі қысқартылып, бейімделді. Құтілетін нәтижелер нұсқалығы құнделікті өмір жаттығуларын менгеруде мұғалімнің бала орнына орындау ықыласын токтатады, осылайша балаға барынша өз бетімен жұмысты орындауға мүмкіндік беріледі.

Мұғалімдер Монтессори-терапия бөлмесін толықтыру бағытында басқа да құнделікті (тұрмыс) өмір жаттығуларын қоса және өз бетімен әр құралмен жасалатын жұмыс алгоритімін әдістемелік нұсқаулықтағы тәртіпке сүйене отырып жаза алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Подьяков Н.Н. Психическое развитие и саморазвитие ребенка от рождения до 6 лет. СПБ, Речь, - 2010, 137 с.
- 2 Монтессори М. Мой метод. Руководство по воспитанию детей от 3 до 6 лет. М. Центрполиграф, 2010, 415 с.
- 3 Монтессори М. Впитывающий разум ребенка. СПБ, 2011, 318 с. Стэндинг Э.М. Жизнь и творчество Марии Монтессори. СПБ. 2010, 299с.

**Монтессори –терапиясы бөлмесінде өтетін жеке және топтық
сабактар технологиялық карталар үлгісі**

Оку іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы

**Монтессори –терапиясы бөлмесінде белім алуында ерекше қажеттілігі
бар баламен өтетін жеке сабак технологиялық картасы**

Мақсаты - Цель:

Iс-әрекет боліктегі	Mұғалімнің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1. Қызыгу-шылдығын ояту	Ән айтып, музыка ыргагымен кимылдар көрсетеді, түзу бойымен кимылдар көрсетіледі.	Музыка ыргагымен кимылдарды орындаиды, түзу бойымен козгалады.
2. Основная часть	<p>1) Балага өз бетімен жаттығуды таңдау ұсынылады, немесе өз калауымен жаттығу ұсынады (ЖДБ сай жаттығу таңдалады), немесе баламен кезектесіп таңдайды, баланың өз бетімен таңдаган жаттығуынан кейин, мұғалімнің берген жаттығуын орындау.</p> <p>2) Егер қажет болса, даярланған ортаның дидактикалық жаттығуларының орындалу тәртібін көрсетеді.</p> <p>3) Баланың өз бетімен немесе бірлесіп істеген жұмысын бақылайды, бақылауын қағаз бетіне түсіреді, балага қажет кезінде көмек көрсетеді.</p> <p>4) Ата-аналардың бірін балмен бірлесіп жұмыс істеуге шақырады және баланың әрекетін бақылайды.</p> <p>5) Бала мен ата-ананың қарым-қатынасын бақылайды.</p>	<p>1) даярланған орта құралдарымен мұғалімнің көрсетілімі бойынша орындаиды, не болмаса, мұғаліммен бірлесе отырып орындаиды. Жаттығуды аяқтағаннан соң құралдарды орынна апарады.</p> <p>2) өз бетімен жаттығуды, жұмыс орнын (үстелде, кілемшеде) таңдау және өз бетімен жұмысты орындаиды, қажет болса, мұғалімнен көмек сұрайды. Жұмысты аяқтағаннан соң, құралдарды орынна, сореге апаралды. Содан соң, басқа жаттығу, қажет болса, басқа жұмыс орнын таңдайды.</p>
3. Баланың іс-әрекетін бағалау және көртындылау	<p>Сабактың аяқталуын хабарлайды, жұмыс орындарын жинастыруға шакырады.</p> <p>Музыка ыргагымен жаттығу жасауга, түзу бойымен қозгалуға шакырады.</p> <p>Баламен қоштасады</p>	<p>Жұмыс орындарын реттеп, жинастырады.</p> <p>Музыка ыргагымен жаттығуды орындаиды. Түзу бойымен козгалады.</p> <p>Қоштасу әрекетін орындаиды</p>

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы
Монтессори –терпиясы бөлмесінде білім алуында ерекше қажеттілігі
бар балалармен өтетін топтық сабак технологиялық картасы

Мақсаты - Цели:

Іс-әрекет боліктегі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
1. Қызыгушылығын ояту	<p>Балаларға шенберге тұруды ұсынады.</p> <p>Шенберде жаттығу орындауга шакырады: ән айтады, музыка ыргагымен, түзу бойымен кимылдар көрсетеді</p> <p>Балаларға есімдері жазылған тақтайшалар таратады, жаттығулар мен жұмыс орнын (устелде, кілемшеде) таңдауды ұсынады.</p> <p>Қажет болса жаттығу мен жұмыс орнын таңдауга көмектеседі.</p>	<p>Балалар шенберге тұрады.</p> <p>Музыка ыргагымен жаттығу орындаиды, түзу бойымен жүреді.</p> <p>Жұмыс орындарын таңдайды, үстел үстінде немесе кілемшеде, таңдалған орындарын есімдері жазылған тақтайшаларын орналастыру арқылы белгілейді</p>
2. Негізгі бөлім	<p>Балалардың өз бетімен орындаған әрекеттерін бақылайды, қағаз бетіне түсіреді.</p> <p>Балалардың өз бетімен орындаған істеріне арапалспайды (бұзықтық және ережені сактамаған жағдайдан басқа).</p> <p>Қажет жағдайда, арнайы даярланған ортадағы құралдармен жұмыс жасалу тәртібін көрсетеді (егер бала жаттығуды бірінші рет алған болса)</p> <p>Топтагы жұмыс атмосферасын колдайды.</p> <p>Қажет болса көмек (балалардың сұрауымен) көрсетеді.</p> <p>Балалардың бір-бірімен орнатқан қарым-катаңасының ерекшелігін бақылайды.</p> <p>Арнайы даярланған ортаның тәртібін бұзуга, агрессивті бұзықтық мінез-құлық көрсетуге жол бермейді.</p>	<p>1) Арнайы даярланған ортада құралдармен көрсетілім бойынша жаттығуды орындаиды, өз бетімен немесе мұғаліммен бірлесе.</p> <p>2) Жаттығуды, жұмыс орнын (устелде, кілемшеде) таңдаап, өз беттерімен жұмысты орындаиды, қажет болса мұғалімнен көмек сұрайды</p> <p>3) Жаттығуды жұптасып немесе топтасып орындаиды.</p>
1. Баланың іс-әрекетін бағалау және көртындылау	<p>Сабактың аяқталуын хабарлайды, жұмыс орындары мен болме ішін жинастыруға шакырады.</p> <p>Музыка ыргагымен жаттығу орындау, не түзумен жүру, немесе «тыныштық» сабагын, не топтық ойын ойнау ұсынлады.</p> <p>Ойын ережесімен таныстырып, ойынның орындалуын кадағалайды.</p> <p>Балалармен қоштасады.</p>	<p>Жұмыс орындары мен бөлме ішін жинастряды, қажет болса мұғалім мен бір-біріне көмектеседі.</p> <p>Музыка ыргагымен жаттығуды, не түзу бойымен жүруді, не мұғалім ұсынған ойын әрекеттерін орындауды, не ұсынған топтық жаттығуларды орындаиды.</p> <p>Ойын ережелерін сактауга тырысады.</p> <p>Қоштасу жаттығуын орындаиды</p>

**Монтессори-терапиясы бөлмесіндегі өткізілетін топтық бағалау
барысында баланы бақылау хаттамасы**

Бақылау қағидалары	Бақылау сипаттамасы
1. Эмоционалды өрісі және жұмысқа қабілеттілігі	
Эмоционалдық жай-күйі	
Топтық бағалау кезіндегі эмоционалды жағдайы, оны тудыратын себептер	
Өз әрекетіне деген эмоционалды жай-күйі (жетістік/кателік), басқа балалардың, мұғалімнің, ата-ананаң әрекетіне	
Өзі тақ дап алған/ мұғалім ұсынған әрекетке қызығушылығының болуы және ұзақтығы	
Киындықтарды жеңе білуі, өз бетімен жұмыс барысында ерік-жігерін көрсетуі	
Топтық бағалаудың толық кезіндегі баланың белсенділігі/ енжарлығы, жеке кезеңдерінде	
Жұмыска қабілеті (нәтижелі жұмысы неше минот), шаршагыштығы (бірінші белгілері нешесінші минотте, қандай әрекеттен соң)	
Эмоционалды-ерік-жігерінің ерекшелігі	
1. Қымыл- қозгалысы, арнайы даярланған заттық ортадағы бағдарлауы	
Бала бөлме ішінде каншалықты еркін және ұқыптылықпен қозгалады (ірі моторикасы)	
Қаншалықты дидактикалық құралдарды сенімді, ұқыпты, дұрыс (ұстау мәнері) алады, тасымалдайды, қояды, жылжытады, қолданады	
(кол-көз үйлесімділігі, екі қолының қымыл үйлесімділігі)	
Бала құралдардан жұмыс жасап болғанинан соң, өз бетімен/ мұғалімнің ескертүімен/ымдақ нұсқаумен орнына апарады ма (кеністікте бағдарлауы, қыска мерзімді есте сактауы, тазалыққа талаптылығы байқала ма)	
Бөлмеде орнатылған тәртіпті сақтауға (өз бетімен/мұғалімнің ескертүімен) ұмтылуы	
Музыка ыргагымен қимылдық жаттығуларды орындауды (мұғалімнің қымылын дәл қайталауды, кол, аяқ, бас қимылының үйлесімділігі)	
Қымыл-қозгалысының жеке ерекшелігі	

2. Заттық-практикалық, танымдық әрекеті	
Бала өз бетімен қандай құралдар мен әрекет түрлерін таңдайды. Құралдарды қызметіне және тиісті орындау әдісіне және тәртібіне сый орындаі ма	
Өз бетімен жұмыс орнын таңдай ала ма (үстелде, кілемшеде) (жагдайды талдауы) жұмыс орнын өздігінен таңдай алады ма? (үстелде, кілемшеде) (жагдаяттарды талдау алдағы жұмыс жайлы білуі)	
Жұмыс барысында зейінін шоғырландыра білуі (канша минот). Жаттығуды қайталай ма, канша рет (жаттығуга қызыгуышылығы бар ма, эксперимент жасауга қабілеті)	
Жұмыс барысында неге аландайды. Қөңлі ауып кеткеннен соң, жаттығуды өз бетімен жалғастыра алама (ынталануы мен әрекетті жоспарлауы)	
Жұмысты өз бетімен аяқтай ала ма, жоқ әлде мұғалімнің көмегін қажет ете ме	
Басқа балалардың әрекетін бақылайды ма	
Басқа баламен бірлесіп әрекеттенуге ұмтылады ма	
Мұғалім балаға қандай құралдар мен әрекет түрлерін ұсынды?	
Дидактикалық құралмен көрсетілген жұмыс ұлғісі мен әдісін қалай қабылдады (мұғалімнің/ата-ананың әрекетін шыдамдылықпен/ шыдамсыздықпен бақылайды), аландайды, мұғалімге/ата-анаға кедергі жасап, аяғына дейін қарамайды, көрсетілімге мүлдем қарамайды	
Мұғалім сонынан жаттығуды көрсетілім бойынша қайталай ала ма (кәте жібере отырып каталайды, толық емес, қайталай алмайды, жұмыстан бас тартады)	
Бала қандай жаттығулар мен әрекет түрлерін қалайды	
Заттық-практикалық және танымдық әрекеттің ерекшелігі	
3. Қарым-қатынас және сойлеу тілі	
Мұғаліммен, серіктестерімен тілдесуге тырыса ма	
Мұғалімге/ата-анаға/балаларға қандай көз-караспен қарайды: тілкестестік, бейтараптық, енжар, сақтықпен, негативті, агрессивті	
Өз әрекетінде сөздік белсенділігі, мұғалімнің көрсетілімі кезінде, басқа балалардың әрекетін бақылау кезінде	
Қандай сөздік және сөзсіз құралдар қолданады: дыбыс жиынтықтарын, сөздерді, сөз тіркестерін, ым, мимика	
Көмек сұрай ала ма, өзгелерге көмек көрсете ала ма	
Қарым-қатынас және сойлеу тілінің ерекшеліктері	
Бақылау корытындысы, баланың откеріп жатқан даму фазасына коз-карас, оған қажетті қажеттіліктерді анықтау	

Монтессори-терапиясы бөлмесіндегі топтық бағалау стенограммасы

Елисеева И.Г., Аханова Ж.Б.

Білім алуында ерекше қажеттілігі бар балаларды дамыту жұмысы
барысында күнделікті өмір жаттыгуларын қолдану
әдістемелік нұсқаулық

Редакторы *Ж. Аханова*.
Техникалық редакторы *Д. Токтарбекова*.
Компьютерлік қалыптауы *А. Қабанбаев*.

Форматы 60x84\16. Қағазы оффсеттік. 4,75 шартты баспа табак.

ТП ҰҒПО, 050008, Алматы қаласы, Байзаков көшесі, 273 А,
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.